



● ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күнімен құттықтауы

Құрметті журналистер, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері!

Баршаңызды кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Ақпарат саласы – қоғамдық пікір қалыптастыратын маңызды сала. «Халықтың көзі, құлағы һәм тілі» ретінде елге адал қызмет ету – әр журналистің абыройлы міндеті. Сіздер қашанда ұлт мүддесін бәрінен биік қойып, ел қамы үшін қалам тартып жүрсіздер.

Мемлекетшілдік құндылықты дәріптеп, жасампаздық пен жақсылықтың жарысы болып келесіздер. Ақпарат саласын дамытуға мемлекет тарапынан қашанда ерекше көңіл бөлінеді. Өз кәсібінің майталманы болған қарымды журналистерге қолдау көрсетіледі.

БАҚ саласындағы дәстүрлі Президент сыйлығы – соның бір көрінісі. Оның иегері атанған азаматтардың есімі қазақ журналистикасының жылнамасына жазылатыны сөзсіз. Жыл сайын ең таңдаулы журналистерге берілетін марапат осымен жиырма бесінші рет табысталып отыр. Бұл сыйлыққа кәсіптік Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында ие болудың да символдық мәні бар. Сіздер егемендік жылдарында ұрпақтың бойына азаттық рухын сіңіруге зор үлес қостыңыздар.

Мен мемлекет пен қоғамның ортасында алтын көпір болып жүрген журналистердің еңбегін жоғары бағалаймын. Әрқайсыңыз шынайы ақпарат таратудың жауапкершілігін сезініп, ұлттық мүдденің биігінен көріне беріңіз деп сенемін.

Соңғы кезде радио қызметкерлерінің кәсіби мерекесі жоқ екені жиі айтылып жүр. Мен Қазақ радиосының 100 жылдығы аясында 1 қазанды Радио қызметкерлері күні деп ресми түрде бекіткен жөн деп санаймын.

Еліміз берекелі бірлік пен ырысты ынтымақтың арқасында өсіп-өркендей түссін! Журналистер жағымды жаңалығымен жұртшылықты қуанта берсін!

Баршаңызға шығармашылық шабыт, талай табыс тілеймін!

Мереке құтты болсын!

● САПАР

ПРЕЗИДЕНТ КӨМЕКШІСІНІҢ СЫР ЕЛІНЕ САПАРЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі Қанат Бозымбаев бастаған делегация жұмыс сапарымен Сыр еліне келіп, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы мәселесі жөнінде жиын өтті.

Онда облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы қысқаша тоқталып, орынбасарлары Нұрлан Тілешев, Серік Сүлейменов, Балжан Шаменова және Серік Ахмет өздері жетекшілік ететін салалар бойынша баяндама жасады. Сонымен қатар, облыс әкімі аппаратының басшысы Ерлан Райғаниев ауылдық округ әкімдерінің тікелей сайлауын өткізуге дайындық барысы туралы айтты.

– Осы жылдың 5 ай қорытындысы бойынша экономиканың негізгі көрсеткіштері де оң динамиканы қамтамасыз ете алдық. Өнеркәсіп өндірісі, оның

ішінде өңдеу өнеркәсібі 12,8%, ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім өндірісі 2,5%, жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 7,3% артты, – деді облыс әкімі.

Облыс әкімінің орынбасары Нұрлан Тілешев әлеуметтік-экономикалық негізгі көрсеткіштер мен алдағы басты міндеттерге тоқталды. Атап айтқанда, пандемияға дейін және кейінгі өндіріс экономикалық жағдайына жан-жақты талдау жасалып, әлеуметтік шиеленістің алдын алуға және өңірдегі қоғамдық жағдайды сақтауға мүмкіндік беретін шараларды іске асыру ұсынылды.

2-бет



ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ



Қазақтың ұлттық тарихы мен мәдениетінің бастауында ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан айтыс өнерінің орны бөлек. Сонау Сүйінбай, Шашубай, Кенен, Жамбыл ақындардың ізін жалғастырып, сара өнердің сабағын үзбей, кейінгі ұрпаққа жеткізген Сыр елінің Махамбетжан Тұрғанов, Манан Көкенов, Заматдин Ибадуллаев, Нигетолла Раманқұлов, Серік Ыдырысов, Кеңжебай Жүсіп, Елена Әбдіқалықова, Әбілхайыр Сыдықов сынды саңлақтардың есімін халық әркез құрметпен атайды. Ал тәуелсіздік жылдарында төл өнерді төрге сүйреп, үш мәрте «Алтын домбыра» иегері, «Айтыстың ақтангері» атанған Мұхтар

Ниязов бастаған бір шоғыр талантты ақындардың танылып келе жатқаны осынау жауһар өнердің бүгінгі жаһандану құбылысын да бұзып-жарып өткенін көрсетті.

С. Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»



3 «Жалаңтөстегі» жаңашылдық

6 Ұмытқан жоқпыз, ағалар!

8 Такси аулаған тажалдар

Дәстүрлі байқау мәресіне жетті

Облыстық «Мемлекеттік тіл және БАҚ» дәстүрлі байқауының биылғы жеңімпаздары анықталды. Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне орай ұйымдастырылған іс-шарада облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Руслан Қаюпов қаламгерлер қауымын кәсіби мерекемен құттықтады.

– Бұқаралық ақпарат құралдары – бұқараның бет бейнесі, ұлттық сананың «пулты». Демек қоғам жүгін арқаулаған мамандық иелеріне қандай марапат көрсетсе де жарасымды. Ал соның ішінде ана тіліміздің абыройын асқатқаны, беделін көтеруге күш салып жүрген БАҚ өкілдерінің бүгінгі байқауының беделі биік екені даусыз, – деді ол.

Байқауда мемлекеттік тілдің қызмет асынын кеңейту, мәртебесін нығайту мақсатында қазақ тілінде жарық көрген жарияланымдар, әңгірлерден көрсетілген хабарлар, сайт мақалалары қамтылған. Келіп түскен одағы облыстық филиалының төрайымы Қаршыға Есімсейітова басқарған қазылар алқасы бағалап, қорытынды шығарды.

Байқау нәтижесімен «Үздік мақала» номинациясымен республикалық «Тіл мерейі» газетінің редакторы Мина Байназарова, «Үздік телебағдарлама» номинациясымен «QZYLLORDA» телеарнасының жаңалықтар бөлімінің сарапшы-редакторы Қозы Көрпеш Жасаралұлы, «Үздік сайт мақаласы» номинациясымен «Ақмешіт жастары» газетінің тілшісі Гүлдана Жұмадинова марапатталды.

Сондай-ақ «Халық» газетінің тілшісі Бекзат Аманов, «Қазалы» газетінің тілшілері Абзал Жолтөрек пен Дина Бөкебай, «Жаңақорған тынысы» газетінің тілшісі Әсел Раева ынтымақтық сыйлығын иеленді. Жеңімпаздарға басқарма дипломдары мен бағалы сыйлықтар тапсырылып, үздік материалдар байқаудың республикалық кезеңіне жолданды.

«СБ» ақпарат



Азаттықты арқау еткен аламан айтыс

Облыс әкімдігі мен «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының қолдауымен, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тұғыры биік Тәуелсіздік» атты республикалық ақындар айтысы күні кеше көрерменін серпілтіп тастады. Н.Бекежанов атындағы театрда өткен салтанатты шараны облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов ашып, Тәуелсіздік жылдарындағы мемлекетімізде қабылданған біршама тарихи маңызды шешімдерге тоқталып, оның ішінде «Алаштың анасы» атанған Сыр елінің де сүбелі үлесі бар екенін атап өтті. Тәуелсіздіктің жемісін жырлап, аламанға қатысқалы тұрған ақындарға сәттілік тіледі.

Айтыс аламаньның қолдаушысы, тұрақты тізгінішісі, ақын, М.Мақтаев атындағы сыйлықтың екі мәрте иегері, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жүрсін Ерман Сыр халқына деген ыстық ықыласын білдірді.

Айтысқа ақын, республикалық «Жұлдыз» журналының бас редакторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Ғалым Жайлыбай, Ш.Мұртаза атындағы Руханият және тарихтану орталығы директорының орынбасары, Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің республикалық одағы Жамбыл облыстық филиалының төрағасы, Мәдениет саласының үздігі Ахметжан Өзбеков, айтыскер ақын, Мәдениет саласының үздігі Серік Ыдырысов, ақын, режиссер-сценарист, Қызылорда қалалық Жастар театрының көркемдік жетекшісі, Мәдениет қайраткері Онғалап Нұрмаханов, айтыскер ақын, Қ.Мырзаліев атындағы Батыс Қазақстан

облыстық өнер орталығының директоры, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Бауыржан Халиолла қазылық етті.

Жыр доласына республикамызға белгілі 12 ақын қатысып, тәуелсіз еліміздің бүгінгі бет-бейнесін, бағындырған белестерін жырға арқау етіп, ұлттық өнердің көрігін қыздырды.

Әсіресе, айтыс аламаньында атағы жер жаратын Бекарыс Шойбеков пен Әсем Ережеқызының, Айбек Қалиев пен жана есім, Сырдың жас ақыны Нұрзат Қару, Орал облысынан Бауыржан Ширмеденұлы мен Сыр сұлейлерінің жалғасы Айдоос Рахметов, әйгілі Мұхтар Ниязов пен Семей облысынан келген Айшолпан Тілеутайдың айтысы көрерменнің көңілінен шықты.

Айтыстың қорытынды сәтінде облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова қатысты. Аймақ басшысы Сыр халқын тұғырлы Тәуелсіздік мерекесімен құттықтап, рухани құндылықтар мен ұлттымыздың салт-дәстүрін дәріптеуде айтыс өнерінің орны ерекше екенін атап өтті. Дүбірлі долаға қатысқан ақындарға алғысын білдіріп, елге ынтымақ пен береке тіледі.

«Тұғыры биік Тәуелсіздік» атты республикалық ақындар айтысының қорытындысымен, бас жүлдені Қазалы ауданынан қатысқан жас ақын Нұрзат Қару жеңіп алды. Ал бірінші орынды Айтыстың ақтангері Мұхтар Ниязов иеленді. Екінші орынды белгілі айтыскер Бекарыс Шойбек, үшінші орынды Аспанбек Шұғатаев, Әсем Ережеқызы, Айбек Қалиев сынды ақындар иеленді. Айтыс аламаньында өзіндік орны бар Нұрмат Мансұр қазылардың шешімімен Жүрсін Ерман атындағы арнайы жүлдені қанжығасына байлады.

Сырдың елі Тәуелсіздіктің тойына осылай бір тарту жасады.

● КӘСІБИ МЕРЕКЕ

Үштала түскен «Үшқыр қалам»

Қызылорда қаласы әкімдігінің дәстүрлі салтанаты БАҚ өкілдерінің қызық та қиын еңбегін ерекше сипатта кескіндей алды.

Қашанда қалам иелері елдің мұң-мұқтажын арқау етіп, сан түйткілді шешілуіне уақытпен санаспай жұмыс жасайды. А.Токмағанбетов атындағы мәдениет үйінің жасанған сахнасында көрсетілген бейне-қойылым көрерменнің үйіріп алды. Кәзір өмірден өтсе де қасиетті қаламының күшімен елдің есінде қалған алдыңғы толқынның еңбегі айшықталып, журналистиканың көтерер жүгі әдемі әспеттелді.

Қашанда қалам иелері еңбегін насихаттап, әбігерге түскен елді сабырға шақырды, жақынымызға жанашыр бола түсуге үнеді. Осындай жанкешті еңбек лайықты құрметтелуі тиіс деп ойлаймын, – деді Аскарбек Темірбекұлы.

Салтанатты шарада ақын, жуырда Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері атанған Есімсейітова Қаршыға Құрмашқызына құрмет көрсетілді.



Мерекелік кеште қала әкімінің орынбасары Аскарбек Есжанов шаһар басшысы Ғанибек Қазантаевтың жылы лебізін жеткізді.

– Былтыр әлемді үрей билеп, жер жүзіне індет тараған қиын кезеңде де журналистер мәртебелі міндетіне қылау түсірмей еңбек етті. Қалың бұқара дәйекті ақпарат алуға оларға сенім артты. Тын жаңалық таратуда журналистер дәрігерлермен бір шепке шығып, оқырман мен көрерменге керекті

Бірқатар БАҚ өкілдері қала әкімінің алғыс хатымен марапатталып, бағалы сыйлықтар табыс етті.

Шара барысында журналистикада өзіндік қолтаңбасы қалған дарынды тұлғалардың есімі аталып, ақын Ұлықбек Бекұзақұлының «Қанатты қалам» – кейінгілерге аманат...» атты олеңі қалалық Жастар театрының сахналануында көрерменнің ерекше әсерге бөледі.

«СБ» ақпарат





ПРЕЗИДЕНТ КӨМЕКШІСІНІҢ СЫР ЕЛІНЕ САПАРЫ

Облыстағы құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және Байқоңыр қаласындағы мәселелер туралы Серік Сүлейменов баяндады. Тұрғын үй саясатындағы жаңа тәсілдер, аймақтың жол-көлік инфрақұрылымын жақсарту және тұрғындарды көгілдір отынмен қамтамасыз ету жұмыстарына қолдау көрсету мәселелері қозғалды.

Ал, әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық және білім саласында атқарылып жатқан жұмыстарды Балжан Шаменова тізбектеді. Бүгінгі күні облыс «жасыл аймақта», эпидемиологиялық жағдай тұрақты. Облыс бойынша вакцинациялау 106 ету кабинетінде жүргізілуде, 37 мобилді бригаданың жұмысы ұйымдастырылып, оған 133 мейірбике мен 89 дублер тартылған. Облыс бойынша І-ші компонент келген 165 960 дозадан 127 675 адамға, ІІ компонент келген 99 550 дозадан 70 450 адамға салынды.



мәселелер назарға алынып, алдағы уақытта шешілу жолдары қарастырылатынын жеткізді.

Сапар аясында Қанат Бозымбаев әуелі өңірдегі мұнай-сервистік саладағы компания өкілдерімен кездесіп, өзекті мәселелерді талқылады. Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова кейінгі жылдары кең ойларының сарқылдығына байланысты мұнай өндірілінің көлемі төмендеп бара жатқанын алға тартып, бұл кездесу ортақ мәселелерді айқындап алуға мүмкіндік беретінін жеткізді.

Жынында облыс әкімінің орынбасары Нұрлан Тілешев мұнай-газ саласындағы қазіргі жағдайды баяндап, экономикадағы негізгі көрсеткіштерді атап өтті. Сондай-ақ, «ПетроКазакстан Құмкөл Ресурс» АҚ вице-президенті Болат Көшербаев, «Жанрос Дрилинг» ЖШС бас директоры Алексей Мылтықбаев ортақ мәселе аясындағы ұстанымдарын білдірді.

Бұл ретте Президент көмекшісі мұнай қорындағы ахуал Үкімет деңгейінде бірнеше рет қаралғанын атап өтті. Қуаттылығы 6 миллион тонна кұрайтын «Кенкияқ-Атырау» мұнай құбырының құрылыс жұмыстары аяқталса, жоба Қызылорда облысындағы мұнай өндірісі компаниялар үшін мұнай жеткізу жүктемесін азайтуға өз септігін тигізеді.

Жынында қорытындылаған облыс әкімі мұнай-газ саласындағы негізгі мәселелерді шешу үшін кешенді жұмыстар қолға алынғанын және осы салада қызмет ететін өкілдерді ортақ мүддеге топтасып, күш біріктіруге шақырды.

Мұнан кейін Қанат Бозымбаев өңірдегі кәсіпкерлер, қала, аудан әкімдері, осы салада мемлекеттік саясатты іске асыруға тікелей атсалысатын мемлекеттік мекемелер

мен қаржы институттарының өкілдерімен кездесуде мемлекет тарапынан ұдайы қолдау барын айтып «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлескен микроқаржы ұйымдарының тиімділігі туралы сөз қозғады.

Сондай-ақ, пандемия кезінде кәсіпкерлік саласында туындаған қиыншылықтар талқыланып, алдағы атқарылатын жұмыстар сараланды.

Кеше ҚР Президентінің көмекшісі Қанат Бозымбаевтың Сыр еліне жұмыс сапары Арал ауданында жалғасты. Делегация алдымен тікұшақ арқылы аудан «Қоқарал» бөгетін барлап, Қамыстыбас және Ақшатау көлдер жүйесінің жағдайын бақылады.

Мұнан кейін Қанат Бозымбаев Қамыстыбас елді мекенінде арнайы су шаруашылығына арналған жиын өткізді. Оған ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Серік Қожаниязов, су шаруашылығына қатысты мемлекеттік мекемелердің басшылары, Арал және Қазалы аудандарының әкімдері және бірқатар сала ардагерлері қатысты.

– Сырдария өзенінің ағысын реттейтін «Нарын-Сырдария» су қоймаларындағы су көлемі өткен жылдан 2 млрд текше метрге кем болып отыр. Бүгінгі күні, «Шардара» су қоймасына түсіп жатқан судың көлемі егіншілерімізді алаңдатып отыр.

Биыл облыс бойынша ауыл шаруашылығы дақылдары 187,6 мың гектарға орналастырылды. Оның ішінде күріш егісінің көлемі өткен жылдан 6,5 мың гектарға қысқартылған, 82,9 мың гектарды құрады. Дегенмен, егінді сумен қамтамасыз ету мәселесі күрделі болып отыр. Сонымен бірге, облыс аумағындағы 207 көлдің толуы 52 пайыз құраса, 17 көл мүлдем су жоқ. Соның ішінде Қамыстыбас және Ақшатау көлдер жүйелерінде

күрделі су шаруашылығы жағдайы қалыптасты, – деді жиында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова.

Өңірде су тапшылығының алдын алу үшін Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі мен Қызылорда облысы әкімдігінің бірлескен іс-шаралар жоспары бекітілген. Сонымен бірге, каналдар арқылы су алу режимдерінің кестеге сай орындалуына мониторинг жүргізетін жұмысшы топ құрылған.

Жиында вице-министр Серік Қожаниязов «Токтағұл» қоймасына жиналған судың жылдағыдан азаюына байланысты су тапшылығын реттеу үшін Үкімет деңгейінде алдағы уақытта атқарылатын жұмыстарды баяндады. Ар, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев вегетациялық кезеңде егіндікті сумен қамтамасыз етуге қатысты басты мәселелерді жеткізсе, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Бауыржан Шәменов өңірдегі су шаруашылығының жай-күйіне тоқталды. Сондай-ақ, сала ардагерлері Құдайбергелі Саржанов, Қожахмет Баймаханов, Айгөбі Қошербаев өзекті мәселеге қатысты пікір білдіріп, ұсыныстарын айтты.

Қанат Бозымбаев Президент тапсырмасына сәйкес өңірдегі су мәселесін шешу жолдары айқындалып, ұтымды ұсыныстар қаралатынын жеткізді.

Жұмыс сапары соңында ол «Қызылорда» және «Әйтеке» су торабына барып, қайта жаңғырту жұмыстарымен танысты. Мамандармен кездесіп, жағдайды таразылады.

Айта кетейік, «Қызылорда» су торабы 1956 жылы пайдалануға берілсе, «Әйтеке» су торабы 2004 жылы «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал төзінімін солтүстік бөлігін сақтап қалу» жобасы аясында салынған.

Аудан жаңалықтары

Маңызды мәселелер талқыланды

Қызылорда, Қала әкімі Ғанибек Қазантаевтың төрағалығымен аппарат мәжілісі өтті.

Мәжілісте қаланың салық базасын ұлғайту мәселесі қаралды. Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Берік Нияталиев 2018-2020 жылдардағы түсім көлемінің ұлғаюы қала аумағында газдандыру, жол салу сынды жобаларды жүзеге асырып, сол жағалаудағы құрылыс жұмыстарына қарқын қосуға мүмкіндік жасағанын атап өтті. Сонымен қатар биылғы I маусымға нақтыланған жоспар 119,6 процентке орындалғанын айтты.

Екінші кезекте коронавирус инфекциясына қарсы тұрғындарды вакциналау жұмыстарының барысы баяндалды.

Мәжілісте қаладағы азық-түлік тауарларының сапасы мен нарықтағы бағасын көтермеу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар да талқыға түсті. Бұл мәселеге қатысты қалалық ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Әулетбек Әбдіраулов хабарлама жасады.

Туған жерге жеткізілді

Арал. Ұлы Отан соғысы жылдарында Ресей Федерациясы, Ленинград облысында Киров ауданы аумағында ел қорғау жолында қаза тапқан жерлесіміз Емберген Айсановтың сүйегі туған жеріне жеткізілді.

Емберген Айсанов 1900 жылы Арал ауданы, Қасқа-Құлан елді мекенінде дүниеге келген. 1942 жылы аудандық әскери комитеттің шақыртуымен әскерге аттанып, майдан өтінде 1943 жылы 13-түсіз жоғалып кеткен.

Ресейдің «Опоро» іздеу тобы «Майдан жолы» Павлодар іздеуіру – зерттеу жасағының бірлескен жұмыстарының нәтижесінде жерлес майдангердің сүйегі табылды.

Майданда шейіт болған азаматтың сүйегі Қаратерен ауылдық округіне әкелініп, қайта жерленді. Митингке аудан әкімінің орынбасары Бектемір Жұмағұлов қатысып, жауынгерлердің ерлігі өшпес өнеге екенін айтып, Емберген Айсановтың өмір жолы мен тарихи деректерге тоқталып өтті.

«Ажарлықтармен» кездесті

Қазалы. Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев Қызылқұм қойнауындағы Ажар елді мекеніне барып, тұрғындармен кездесті.

Аудан орталығынан шайғалда орналасқан ауыл тұрғындары негізінен жол мәселесі мен медицина қызметкерінің қажеттігін жөнінде ұсыныстарын айтты. Өз кезегінде Мұхтар Әуесұлы аталған мәселелерді зерделеп, оны шешу жолдарын қарастыратынын жеткізді.

Мұнан соң аудан басшысы №146 негізгі мектепке барып, білім ордасының жай-күйімен танысты. Сондай-ақ, ауылдағы электр жарығын ондандыру ток генераторын көрді. Бұдан бөлек, мал шаруашылығымен айналысып отырған ауыл тұрғындарына қуаныштық мәселесі жөнінде айта келе, шаруашылыққа қажетті және шөп ташпалығын болдырмау үшін мал азығын молынан дайындау қажеттігін тілге тиек етті.

Дзюдодан ашық біріншілік

Қармақшы. Аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі №15 ОРМБЖМ ұйымдастыруымен ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай дзюдо күресушінің 150 жылдығына орай дзюдо турнирі 2008-2010 жылы туған жасөспірімдер арасында аудандық ашық біріншілік өтті.

Дзюдоны дамыту және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өткен жарысқа Қызылорда қаласынан 3 команда, Жалағаш ауданынан және Төртатам кентінен палуандар қатысты. Сайысқа аудан кәсіпкерлері қолдау білдіріп, демеушілік көрсетті.

Қазақ күресінен жарыс

Жалағаш. Мемлекеттік қызметші күні және Қажымұқан Мұнайғасұлының 150 жылдығына орай қазақ күресінен жарыс өтті.

Спорттық шараға аудан әкімінің орынбасары Жасулан Еспенбет қатысып, қатысушыларды кәсіби мерекелен құттықтады. Санитарлық нормаларды сақтай отырып өткізілген жарысқа кент және аудандық округтерден 40-қа жуық мемлекеттік қызметкер, аудан жастары, түрлі сала қызметкерлері қатысып, 75 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде бақ сынады.

Тұрғындарды қабылдады

Сырдария. «Nur Otan» партиясы Сырдария аудандық филиалында аудан әкімі Мұрат Ерғешбаев қоғамдық қабылдау өтті.

Онда аудан тұрғындары жұмыспен қамту, тұрғын үй, кәсіпкерлік және денсаулық сақтау, әлеуметтік салаларға қатысты сұрақтар қойды. Аудан басшысы барлық мәселелерді назарға алып, заң шеңберінде шешім шығарылатынын айтты.

«Жұмбақ тағдырдың ақиқаты»

Шиеді. Жуантөбе ауылдық округінде Шеген Қодановтың өмір жолы мен еңбегіне арналған «Жұмбақ тағдырдың ақиқаты» атты кітаптың тұсауы өтті.

Шарада аудан әкімінің орынбасары Алмасбек Есмаханов кітап авторы Ермек Түсіптің шығармашылығына толағай табыс тіледі.

Тұсауәсерге қоғам қайраткері, Шиеді ауданының құрметті азаматы Дайрабай Ысқаков қатысып, жылы лебізін жеткізді.

Есімі қазақ еліне мошұр Шеген Қоданов Шиеді ауданында дүниеге келген. 1929-1931 жылдар аралығында Қазақстан Коммунистік партиясының орталық комитетінде, Гурьев облыстық комитетінің хатшысы болып қызмет атқарды. Сондай-ақ, 1931-1932 жылдары Ақтөбе облыстық комитетінің хатшысы, 1932-1937 жылдар аралығында Алматы облысының Қаратал ауданының бірінші секретары болып еңбек еткен.

Қарбыз пісті

Жанакорған. Аудан әкімі Руслан Рүстемов Ақүйік ауылдық округіндегі жерасты суын керіс жүйесі арқылы пайдалануды жолға қойған шаруашылықтарға арнады.

Аудан бойынша ерте піскен қарбыз өнімінің пәкестен ұзылу сәтінде дикандардың толассыз еңбегіне ризашылық білдірді. Айта кету керек, керіс – жерасты суармалы каналы, яғни жерасты суларын бір орныға жинап, оны жер бетіне шығарып, шаруашылыққа пайдалану үшін жер астынан қолбей қазылған қуыс арна.

«СБ» ақпарат

САЙЛАУ – САЯСИ БЕТБҰРЫСТЫҢ БАСЫ

Осы жылдың екінші жартысында ауыл, кент және ауылдық округ әкімдерінің алғашқы тікелей сайлауы өткізіледі. Әңгіме әзірге өкілеттік мерзімі быыл аяқталатын 836 әкімге қатысты. Ұлттық экономика министрлігі оң үшін орталық сайлау комиссиясы арқылы 4,8 миллиард теңге бөлінгені мәлімдеді. Ал 2025 жылға дейін халықтың қалауымен ұзын саны 2345 әкім жылы орынға жайғасуы тиіс.

СБ Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

Сыр өңіріндегі 146 ауылдық округтің алдыңғы кезекте 42-сінде сайлау өткізу ойда бар. Оның 13-і – Арал, 13-і – Жаңақорған, 5-і – Шиелі, 4-і – Жалағаш, 3-і – Қазалы, 1-і – Қармақшы аудандарында.

– 33 әкім өкілеттік мерзімінің аяқталуына, қалған 9-ы өкілеттік мерзімінің уақытынан бұрын тоқтатылуына байланысты тұрғындардың тікелей дауыс беруі арқылы анықталады. 64 елді мекеннің сайлаушыларын қамтитын 58 сайлау учаскесі жұмыс істейді. Оған 328 учаскелік, 56 аумақтық комиссия мүшелерін тарту көзделген, – деді облыстық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Болат Нақыпов.

Сайлау Қызылорда қаласында ғана болмайды. Сондықтан барлық ауданда оны жергілікті аумақтық сайлау комиссиялары ұйымдастырып, өткізеді. Маңызды саяси науқанға әзірлік жұмысы әлден қызу. Комиссиялардың басшылық құрамы сәуір, маусым айларында республикалық, облыстық семинар-кеңестерге қатысып, алғашқы әкімдер аламанына дайындықты пысықтады. Бүгінде сайлау процесіне қатысушыларды электоралды оқыту жұмысы қарқын алды.

Комиссия өкілі республикалық бюджет қаржысының қандай мақсатқа жұмсалатынын айтты. Оның есебінен комиссия мүшелеріне жалақы төлеу, полиграфиялық және өзге де өнім түрлерін әзірлеу, іссапар, банк қызметі кандидаттардың сайлауалды үгіт шараларының шығынын өтеу, кеңсе тауарларын сатып алу қарастырылған. Барлық ауылда сайлау дәстүрлі форматта ұйымдастырылатынын себепті санитарлық талапты сақтау қажет. Осы

орайда қорғаныс құралдары қоса сатып алынады.

Негізі, мұндай саяси дода тәжірибеде 2013 жылдан бері бар. Төрт жылдан кейін тағы ұйымдастырылды. 2017 жылы 24 тамызда 14 облыстағы аудандық маңызы бар қалалар, ауылдық округтер, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттер мен ауылдардың әкімдері сайланды. Аумақтық сайлау комиссияларының мәліметінше, ұсынылған 4059 кандидаттың 3951-і тіркеуден өтіп, 1416 әкім сайланды. Бірақ екі жағдайда да үміткерлердің тағдыры жергілікті мәслихат депутаттарының қолында еді. Ал оларды аудан басшылары ұсынатын. Мәслихат жергілікті өзін-өзі басқару саласындағы маңызды орган болғанымен өкілдіктің іс-әрекетін, бастамаларын мақұлдаудан әрі аса алмайтын анық. «Жергілікті ресурстардың оңтайлы жұмсалуды бақылау өкілдік органдарға – мәслихаттарға жүктелген. Алайда олардың пікірі көбіне еленбей жатады. Бұл – өз кезегінде саяси анахронизм», – деп Президент те айтты.

Ендігі жерде кәмілет жасына толған әрбір отандасымыз өзі тұратын ауыл-аймақ басшысын өзі таңдай алады. Саясаттанушы Ерлан Қарин бұл – үлкен саяси бетбұрыстардың басы екенін сенімді.

– Президенттің жаңа бастамаларын саяси реформалардың екінші топтамасы ретінде қабылдауға болады. Оның біріншісі 2019 жылы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің II отырысында жарияланды. Саяси жаңғыруға қатысты тарауды түйіндей келе, Мемлекет басшысы саяси саланы жаңғырту жалғасатынын және

мемлекеттік биліктің дерлік мемлекеттік институттары реформаланатынын тағы баса айтты. Ал барлық реформаның негізгі мақсаты – тұтас мемлекеттің тиімділігін арттыру, – деді ол.

Сайлауды өткізу тәртібі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық заңда топташтып жазылған. Оған «Мемлекеттік қызмет туралы» заңға сай біліктілігі бар, 25 жасқа толған кез келген қазақстандық қатысуға құқылы.

– Саяси партиялардың Мәжіліспен мәслихаттарға өту шегін 7-ден 5 процентке дейін төмендету көзделді отыр. Сонымен қатар дауыс беру бюллетеньдеріне «бәріне қарсымын» деген баған қосылады. Бұл – еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі аса маңызды оқиға. Мемлекет басшысының осы бастамасы еліміздің саяси жүйесін одан әрі дамытуға және саяси бәсекелестікті күшейтуге айтарлықтай үлес қосатыны сөзсіз, – деп мәлімдеді Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев.

Кандидатты ұсынудың екі жолы бар. Біріншісі – халықтың 1 процент даусын жинау арқылы өзін-өзі ұсыну. Ол үшін үміткердің мемлекеттік мекеме немесе басшылық қызметте 2 жыл еңбек өтілі болуы міндетті. Екіншісі – саяси партиялардың ұсынуы. Саяси сарапшылар бұл ауылдық жерлерде саяси партиялардың жұмысын жандандыруға септесетінін айтып отыр. Заңдағы өзгеріске сәйкес аумақтық сайлау комиссиясына ұсынылатын кандидаттар саны 2-ден кем болмауы керек. Әйтпесе, комиссия үміткерді ұсыну мерзімін 5 күнге ұзартады. Оның орнына кандидатты жергілікті қауымдастық жиналысымен келісу негізінде қала, аудан әкімі ұсынады.


– Аумақтық сайлау комиссиялары әкімдердің өкілеттігін аяқталғанға дейін кемінде 40 күн бұрын сайлауды тағайындайды. Өкілеттік мерзімі аяқталғанын 10 күн бұрын өткізіледі. Мерзімінен бұрын өкілеттігі тоқтатылған немесе қайта ұйымдастырылған әкімшілік аумақ әкімінің сайлауы осы күннен бастап 1 ай ішінде

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

30 ЖЫЛ: БІЗДІҢ АУЫЛ

Ауыл – қазақтың жаны, береке мен бірлік ұялаған атақонысы. Қаладағы қым-қуыт тірліктен тысқарылау жатыр демесеңіз, Тәуелсіздік ауылдардың бет-бейнесіне өзіндік өрнегін салды. Бұрын қала тұрғындарына ғана қолжетімді болып келген өркениет жетістіктері шалғайдағы елді мекендердің де өмір салтына дендеп енді. Атақәсіп – мал мен егін шаруашылығынан басқа, кәсіпкерлік, қызмет көрсету, білім беру, медицина, мәдениет салалары дамыды.

«Сыр бойы» газеті Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай қарт Қаратау мен айдынды Арал аралындағы ауылдардың осы уақыт ішіндегі тыныс-тіршілігін арқау еткен мақалалар топтамасын «30 жыл: Біздің ауыл» атты аясында жариялай бастайды. Ата-бабамыздың маңдай тері сіңген қасиетті мекендердегі дәстүр мен жаңашылдықтың сабақтастығы қалай өріліп жатқанынан хабардар болып отырыңыздар.



дарынан бөлек, сол замандағы ауыл адамдарының заттары тұр. Келі-келсап, шойын соқа мен тырма, қолара, орақ пен кетпен, дүірмен де бар. Ескі құжаттар мен соғыс кезіндегі ақша, темір тындыр да көзге түседі. Ауыл құрылғаннан бастап бүгінге дейінгі тарих әбден қатталып, ел ішінен шыққан еңбек ардагерлерінің үлкейтілген суреттері ілінген.

Сайын ақсақалдың айтуынша, осы ауылдан шыққан қалталы азаматтар мен жергілікті халық бірлесе асарлатып, жаңа мешіт тұрғызған. Қасиетті мекенге Жалаңтөс батыр атын берді. Ондағы мақсат – кейінгі буынды имандылық ауылынан алыстатпау. 2014 жылы салынған мешітте 100 адамға дейін мінәжат етуге болады.

Сондай-ақ 2014 жылы жаңа типтегі дәрігерлік амбулатория бой көтерген. Ауыл халқының саулығын қарайтын нысан дәрігерлік қызметтің сапасын жақсарту мақсатында жаңа құралдармен жабдықталған. 2016 жылы күрделі жөндеуден өткен ғимаратқа кітапхана қоныстанса, сол жылы жалаңтөстік бұлдіршіндерді қуантқан тағы бір ғимарат пайдалануға берілді.

Иә, №14 «Сәуле» бөбекжай балабақшасы 90 сәбиге арналған. Қыста жып-жылы, жазда даладағы ойын алаңдары бар балабақшаның барлық бөлмелері заманауи типте жабдықталғаны көрініп тұр.

2017 жылы ауылымызда 150 орындық Жалаңтөс батыр ауылдық клубы салынды. Екі қабатты мәдени ғимарат ауылға сән қосып тұр. Ішінде 150 орындық көрермен залы, үйірме және кітап сақтау бөлмелері, оқырмандар залы, гардероб қарастырылған.

Былтыр «Қызыл ой», Ә.Мекешов көшелері жөнделіп, түнгі жарықшамдар қойылды. Енді ауылды газдандыру жұмыстары жүргізілуі тиіс. Жоба-сметалық құжаттары дайын. Сондай-ақ құрғақшылықтың алдын алу үшін жерасты булақтарын ашу, ауыл ішіндегі электр бағаналарын жаңарту сияқты жұмыстар да атқарылады. Жалпы, бізде 9 көше бар. Барлығы жарықтандырылған. Был «Ауыл – ел бесігі» жобасы бойынша екі көшені асфальттауға, – дейді ауыл әкімі Орысбек Жамшиев. (Мақала жазылып жатқанда ауыл әкімінің Қазылы аудандық спорт және дене шынықтыру бөлімінің басшысы болып тағайындалғанын естідік).

Кәсібін кенге жайған...

Мұндағы жұрттың егін егетінін айттық қой. Ауылда «Жалаңтөс батыр» ЖШС күріш егеді. Бұдан бөлек, Нұрбек Ақманбетов есімді азамат кесек шығарумен айналысады. Бұл екі мекеме елдегі жұмыссыздық деңгейін дерттің алдын алып тұр.

Сондай-ақ «Берекет-1» ауыл шаруашылығы кооперативі мен 16 шаруа қожалығы бар. Жалпы ауылда соңғы жылдары ірі қара, әсіресе сиыр мен жылқы өсіретіндер көбейген.

Елді мекенде 62 кәсіпкерлік субъектісі тіркеліпті. Оның ішінде 43 жеке кәсіпкер бар. Олар мемлекеттік бағдарламаларға белсенді қатысып жүр. Мысалы, былтыр осы салада мемлекеттік бағдарлама арқылы құны 80,6 млн теңгені құрайтын 17 жоба қаржыландырылған. Ал был 10 миллион теңге тұратын жобаға қаржысын алса, қалған 4 жоба бойынша несиеге құжат тапсырылып, тиісті қолдауды күтіп отырған көрінеді.

Аяқсу келіп тұр. Жұрт есік алдындағы бақшасын егіп болды. Аудан орталығына күніне алты рет маршрут қатынайды. Ертен сонымен ауылдағы келіншектер қияр, помидорын, көк жуасын, басқа да бақшадан өскен дақылдарын базарға шығарады. Солай пұл қылады. Мұндай маусымдық кезеңде бақша өнімдерімен 600-700 мың теңгеге дейін пайда тауып отырған отбасылар бар. Қосымша табыс қой бұнық бәрі, – дейді ауыл әкімі.

Жоғарыда айтқан «Жалаңтөс батыр» шаруа қожалығында 90 адам жұмыс істейді. Құрғақшылыққа қатысты күріш көлемін қысқартып, был 600 гектарға ғана еккен. Дария деңгейінің төмендеуіне байланысты көрші ауылдардан насос алып, күрішке қосымша су жіберуде.

Маңайындағы шағын ауылдары қоса алғанда, тіршілік түтінін музу ұшыраған ауылдың бірі – осы Жалаңтөс батыр. Қара жердің құнарын сақтап, маңдай терімен адал күн кешкен азаматтарының бірі әлі де бір қолдан жесіп, бір жағадан бас шығарып, қауымдаса еңбек етіп келеді.

Қазалы ауданы

«ЖАЛАНТӨСТЕГІ» ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Бұл ауыл Қазалыдан қашық емес. Әрі кетсе, 20 минут жүресіз. Білетіндер 12 шақырым ғана дейді. Аудан орталығының тап іргесінде болса да, ауылға тән келбетінен айырылмаған. Теп-тегіс жолдың арқасы шығар, ызғыған жеңіл көліктің шоғыры көп.

Тәуелсіздіктен кейін Жалаңтөс батыр атын иемденген ауылдың бұрын «Қызыл Ту» совхозы екенін естіп өскенбіз. Тіпті, әлі күнге дейін оны солай атайтындар бар. Айнадай жолмен ауылға кіріп келдік...

Сб Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

«Қызыл Тудың» өркендеуі басталыпты. Күріш егуде жоспарды артық орындап, соғыс жылдарында «Бәрі де майдан үшін!» деген ұранмен көп ұлес қосты. Ауданда 58 колхоз болса, біздің «Қызыл Ту» алдыңғы сапта болғанға ұқсайды, – деп өткен тарихтан аз-кем сыр шертті ауылдық ардагерлер кенесінің төрағасы Сайын Дәуіт.

Расмын, қиын кезеңде ел басқарған Қашақбай аға жайлы аз жазылмады. Оның Ұлы Отан соғысы кезінде өз қаржысынан 100 мың сом беріп, арнайы танк соққырғаны әлі күнге дейін айтылады. КСРО дейтін алып империяны басқарған Сталиннің өзі қызылтулықтарға жеделхат салып, еңбек майданындағы ерлігі үшін алғыс айтқаны газет бетінде жарияланыпты. Оны мектеп ішінен ашылған музейде сақтаған. Еңбеккер азамат мемлекеттік наградалардың иесі болды. Бүгінде ауыл іргесіндегі «Үйрек» дейтін қорымда жатыр.

Ауданда бірінші болып күріш егуді қолға алған Қашақбай еді. Әрине, оған корей ағайынның себебі де тиді. Ол кезде қазіргі техникадан мақұрымбыз. Өгіз бен соқа. Тұқымды қолмен себетін. Бейнеті көп болды. Бала болсам да, есімде әлі. Тың жерге тыңайтқышсыз күріш өсірген Қашақбай аға басқарған шаруашылық ауданның алды болды. Соның арқасында Жоғары Кеңеске 3 рет депутат болып сайланды. 1957 жылы дүниеден өткенше, осы елдің өсіп-өнуіне тер төккен ел адамы болды, – деп сөзін түгіндеді Сайын ақсақал.

Айтпақшы, даңқты композитор Кенес Дүйсекеев те осы ауылда туған. Оның ата-анасының мәңгілік тыныс тапқан жері де осында.



Тәуелсіздік. Түгелдей жаңарған жұрт

300-ден астам түтіні бар оқруттін басты тіршілігі – егін егу. Есік алдына бау-бақша өсіреді, онысы піссе, дереу Қазалының базарына артады. Жаздай осындай кәсібин айналдырып, қысқы азығын алдын ала дайындап алады. Ауылға қарасты майда елді мекендерде мал ұстайтындар да жетерлік. Дарияның қамысы, көлдің құрағы басым бұл маңда. Төрт түлік өсіруге әбден қолайлы.

найы музей ұйымдастырылды. Сол жылы жасанды футбол алаңы салынып, ауыл балалары доп тепті. Айтпақшы, мектептің ішінде қосымша «Алақай» дейтін кішкентайларға арналған балабақша бар, – дейді мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Аманкелді Қанатов.

Расмын, музей ішінде ауыл тарихынан хабар беретін 250-ден аса құнды жәдігер жиналған. Мектепте директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет істейтін Ләйла Пірманованың айтуынша, Қашақбай Пірматовтың қолданған бұйым-

Корей ағайындарға қоныс болған

Бұл ауылдық округке бірнеше елді мекен кіреді. Жалаңтөс батыр ауылынан бөлек, іргелес жатқан Үйрек, Шитүбек, Алтай, Ойынды, Көбек дейтін шағын елді мекендер бар. Айтпақшы, 1993 жылы батыр атын иемденген. Ал негізінде Қарашенгел ауылдық округі деп аталады.

Тарихқа шегініс жасасақ, бұл маңда 1929 жылы №3 ауылдық кенесі құрылған. Содан бері түрлі атау беріліпті. «Бірлестік», «Қызыл ой», бірақ көпшіліктің білетіні – «Қызыл Ту» атауы. 1949-1957 жылдары Қарашенгел ауылдық советі болса, 1977 жылы өз алдына «Қызыл Ту» ауылдық кенесі болып ашылған.

Соғыс жылдары мұнда Қиыр Шығыстан жер аударылған корейлер де тұрған. Жергілікті қазақтарға сіңген 20 шақты отбасы арасынан ауыл шаруашылығы саласында еңбек еткендер бар. Әсіресе Петр Пактың есімі ерекше аталады. Сол кездері Қашақбай Пірмов басқарған «Қызыл Ту» ұжымшарының күршішілер бригадасында Пак звено жетекшісі болыпты. 1948 жылы өзіне бекітілген 5 гектар күріштің әрқайсысынан 80 центнерден астам өнім алған. Ал келесі жылы егіс алқабындағы ерлігі үшін оған «Социалистік Еңбек Ері» атағы берілген.

Қазір корей ағайындар көшіп кеткені көп жыл өтті. Тек Анатолий Ли отбасымен ғана тұрады. Қазаққа күйеу ол агроном болып еңбек етеді.

Бүгінде ауылдағы еңбек майданы қайнап жатыр. Жалаңтөстіктер бақша мен күріш өсіруде сол қарқынмен келеді.

Қара еңбектің иесі – Қашақбай

Жалаңтөс батыр атындағы ауылдағы мектепке қоғам қайраткері Қашақбай Пірмов аты берілгені 30 жылға таяп қалыпты. Бұл ел азаматының 85 жылдығына орай жасалған игі шара еді. Қазір №103 мектеп ішінен музей ашылды, ауласында еңбек иесінің бюсті тұр.

Мына көрші тұрған Құмжиекте туған Қашақбай Пірмов өз ауылында бригадир болып жүрген. Аудан басшылары біздің колхозға бастық қылды. Қашақбай басқарма болып 1939 жылы келген. Сол кездері біздің

– Дина Ордабекқызы, «Ас-ка» – өңірдегі арнайы киімдер тігу ісін жолға қойған бірден-бір серіктестік. Бірақ, пандемия қай салаға болмасын кері әсерін тигізбей қоймады. Сіздерде қалай, жұмыс тұралаған жоқ па?

– Біз арнайы киім тігуден бөлек, аяқ киім, жұмыс қолғабы секілді қажетті дүниелерді шығарамыз. Серіктестікте 30 адам еңбек етеді. Карантин көпті әбгерге салған уақытта біздің іске де кері әсері тие ме деген ой мазалады. Бірақ, сабақты ине сәтім. Тапсырыс үзілген жоқ, тұтынушылардың көңілінен шығатын өнімдерді ұсынуды жалғастырдық. Негізі барлығы өзімізге байланысты. Маған мұндайда осы істі қалайда алға сүйреймін деген ниет көмекке келді. Бұған дейін тәжірибе арқылы шындалуға күш салдым, қазір де солай. Бірнеше жыл бұрын «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы «Іскерлік байланыстар» оқыту жобасының екінші кезеңі аясында Германияда болдым. Мұнда жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары үшін өнеркәсіптік тігін жабдықтары мен көлік жүйелерінің өндірушісі, әйгілі неміс «Dürkopp Adler AG» компаниясымен келісімге қол қойылды. Сондай-ақ, сапар барысында өнеркәсіптік жабдықтар мен оның қосалқы бөлшектерін іріктеу және жеткізу бойынша кешенді қызметтер көрсететін «nabit Technology & Solutions» инженерингтік компаниясымен іскерлік кездесу ұйымдастырылды. Дәл осы компаниямен келісімшартқа қол қойдым, тәжірибе жинақтадым. Осындай біліктілікті арттыратын курстар қажет кезде алға басуға мотивация береді.

– Қазір «Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының халықтық қауымдастығына» жеткізіліп етесіз, оның қатарында 20-ға жуық мекеме бар екен. Олар немен айналысады?

«Жеңіл өнеркәсіпті жандандыратын заң керек»

Киім өндіру – өзіндік даму жолы қалыптасқан кәсіп көзі. Бірақ, сол сұрлеуді жандандыра алмай, бірнеше миллиард құрайтын қаржыны шетел асырып отырғанымыз жасырын емес. Жақында еліміздегі жеңіл өнеркәсіп саласының дамуы мен осы тектес өзекті проблемаларды «Ас-ка» серіктестігінің директоры, «Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының халықтық қауымдастығының» төрайымы Дина Махатовнамен талқылаудың сәті түскен еді.

– Басым бөлігі тігінмен айналысады, қатарымызда шағын ательеде көп. Пандемия өршіген тұста олар медициналық қорғаныш киімдерін, бетперде тігуі ісінде белсенділік танытты. Был бірінші мектеп формасын шығаруға күш салынады. Ал, алдағы мақсат – аккредитациядан өтіп, сертификат алу. Сол кезде қолжымыз ұзарып, қаржыға қол жеткіземіз. Кәсіпкерлер палатасындағы мамандар мемлекеттік жобаларға қатыса алатынымызды айтады. Қауымдастық құрамындағы әрбір цех жұмыс істей алатынын дәлелдеу керек. Сондықтан қазір тәжірибе алмасу, біліктілікті арттыру ісіне көбірек мән беріледі. Шымкент қаласында фабрика көп. Келер айда осы қалаға барып, мамандармен біліктілік алмасу жоспарда. Сондай-ақ, Өзбекстан еліне де сапар болады. Бұл жұмыстардың барлығы облыстық кәсіпкерлер палатасымен бірлескен түрде

жүзеге асады. Бізде Ділімұхамед Абызов жейде шығаруға негізделген «Далатекс» компаниясын құрып, облыста жеңіл өнеркәсіп саласында ауқымды жұмыс үлгісін көрсетіп келеді. Ендігі кезекте саланы осы азаматтар секілді дамытса деген бірқатар кәсіпкердің жаңа деңгейге шығуына жағдай жасау керек, бір-бірімізді қолдау маңызды.

– Шикізат та шеттен келетіні белгілі. Көбіне қай елден алдырасыздар?

– Бізде барлығы импорттық шикізатпен жұмыс істейді. Түйме, тіпті жіп жоқ. Бәрін сырттан аламыз. Қазақстан нарығына жеткізілетін импорттық киім-кешек көп аяқ киімдердің 90 проценті Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінен әкелінеді. Біз де Қытай, Ресей елдерінен алуға мәжбүрміз.

– Республикамыз жалпы ішкі өнімінде (ЖІӨ) 1990 жылдары жеңіл өнеркәсіптің үлесі 15 процентті құраған. Соның

нәтижесінде Қазақстанның жеңіл өнеркәсібі КСРО-дағы озықтар қатарында тұрды. Соңғы 30 жылда жеңіл өнеркәсіп алға басудың орнына кері кетіп, ЖІӨ-дегі үлесі 1 процентке де жетпей қалды деген дерек бар. Дамуға не келдергі?

– Жеңіл өнеркәсіптің соңғы жылдардағы тіршілігін саралайтын болсақ, республикамыздың өнеркәсіп өндірісі көлеміндегі үлесі 1990 жылы 15,8 процентті құраса, 2000 жылы 2,3 процентке дейін қысқарып, 2011 жылы 0,1 процентке дейін құлдыраған. Еліміздегі жеңіл өнеркәсіп саласында тек 2016 жылы ғана жұмыс істеп тұрған 79 кәсіпорынның 27 проценті жұмысын тоқтатқан екен. Осындайда оның себебі неде деген сұрақ туындайды. Жоғарыда айтқанымыз, импорт кетеді. Тығырықтан шығар жол – өзгенің қансығын таңсық қыла бермей, отандық киім-кешек және аяқ киім өндірісін дамы-



сіне көз жүгіртер болсақ, жеңіл өнеркәсіп саласын дамыту үшін бірқатар мемлекеттер арнайы заң қабылдаған. Ал, бізде қалай?

– Жеңіл өнеркәсіптің үлесі АҚШ, Қытай, Түркия сияқты дамыған елдерде 12-20 процентті құрайды. Қытай, Түркия, тіпті іргедегі Қырғызстан мен Өзбекстан мемлекеттері табысының қосымша бөлігін жеңіл өнеркәсіп тауарларының экспорттынан түсіреді. Ал, Қазақстандағы қайта өңдеу өнеркәсібі саласындағы жеңіл өнеркәсіптің үлесі төмен. Мәселен, бізде агро-өнеркәсіп кешені тұрғы заң бар. Онда жеңіл өнеркәсіп түсінігі жоқ. Ал жеңіл өнеркәсіптің 20 шақты саласы бар. Егер заңда түсінік болмаса, онда жеңілдік болмайды. Арнайы заң шығару керек. Қазір жеңіл өнеркәсіп бойынша елімізде 1200-дей кәсіпорын болғанымен, оның 35-і ғана орта және ірі де, қалғаны ұсақ. Сондықтан мұндағы салықтың 35 проценті орта және ірі кәсіпорындардың үлесіне тиеді. Жеңіл өнеркәсіптен ел бюджетіне түсетін жалпы салықтың көлемі жылына 8-10 млрд теңге көлемінде. Егер Үкімет уақытша нақты салықтық жеңілдік беретін болса, сала да дами түседі. Бұл өндірісті ғана емес, жұмыспен қамтылатын халық санын арттыруға мүмкіндік берері анық. Сондай-ақ, шағын және орта бизнестің қызметіне жасалған талдау, кәсіпкермен өткізілген кездесулер барысында шағын индустриялық аймақтарға сұраныс жоғары екені байқалды. Жергілікті тауарөндірушілердің арасында 3 әлеуетті сала анықталған. Соның ішінде осы тігін өндірісі бар. Бұл бастама қолдауға лайық және оның алдағы уақытта сәтті жүзеге асарына сенім мол.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Өңгімелескен Мәдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы»

● 28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күні

Біздің автор

Газет-журналды ізден жүріп оқытын жандардың бірі – қала тұрғыны Жәнібек Мақсұтұлы. Сексенге аяқ басқан ақсақал әлі де тың. Жергілікті басылымнан өзге республикалық газет-журналдарды жаздырып алады. «Сыр бойы» газетінің оқырманы әрі авторы ретінде есімі көпшілікке жақсы таныс. Жақында жолымыз түсіп, ақсақалмен әңгімелесіп қайттық.

Сb Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»



Бізді келелі легенді естіп, жиған кітап-дәптерін үстел үстінде дайындап қойыпты. Газеттің әр нөмірін мұқият қарап, тігіндісінің толық болғанын өзі қадағалап отырады. Жарияланған мақалалар жайында жақындарымен ой бөлуді әдетке айналдырған. Маңызды ақпараттарды және мақалаларының қиындысын жинап қойыпты. Тиянақты ісінен жазуға деген ықыласы ерекше екенін бірден аңғаруға болады. Әсіресе, қойын дәптері ерекше назар аудартады. Елдегі жаңалықтарға шолу жасап, тізбектеген. Кітап қоры да жеткілікті.

– Газет-журналға, кітапқа бала күнінен құмар болдым. Мына сарғайған газет қиындыларын ерте кезден бастап жинадым. Облыстағы және елдегі хабарларды қалт жібермей оқып отырамын. Әсіресе, облыстық газеттің тұрақты оқырманына әрі авторына айналдым. Ондағы әрбір журналисті қолтаңбасынан танимын. Кейін редакцияға барып, өз қолыммен мақаламды тапсырып жүрдім. Есімі елге белгілі тілшілерді көрдім, – дейді ақсақал.

Кейіпкеріміз әңгімесін әріден сабақтай түсті. Ол Теренөзек ауданының Қызылөзек ауылында дүниеге келген. Әкесі Мақсұт Әбілсейітов соғыс кезінде ауылда басқарма төрағасы болып еңбек еткен. Көзі ашық, көкірегі ояу, сауатты кісі екен. Бірақ 34 жасында бақилық болған. Ол кезде Жәнібек ағамыз бір жарым жаста екен. Анасы Шүкірман баласының аузына жылы-жұмсағын тосып ер жеткізді. Балалық шағы қазіргі Ақжарма ауылында өтті. Сондағы жетіхалдық мектепті бітіріп, орта білімді аудан орталығындағы №35 М.Калинин атындағы мектепте аяқтады.

Бозбала шағында зерек болған оны Қызылорда қаласындағы гидро-техникума оқуға түсірді. Оқуды аяқтаған соң жолдамамен Атырау облысының су шаруашылығы басқармасына қарасты ауданның біріне жұмысқа жіберді. Онда шеберден бастап, прораб, аға инженер қызметтерін абыройлы атқарды.

Туған еліне қызмет етуге бекінген маман ауылға оралады. 1972 жылы «Шіркейлі» кеңшарының басшысы Жаңабай Азаматовтың шақыруымен, аудан басшыларының келісімімен бас инженер-гидротехник қызметіне қабылданды.

– Мамандығым бойынша жай қызметтен бастап, бас инженер-гидротехник атандым. Мекемеде бастауыш комсомол ұйымында хатшы болдым. Сол кезде басшы беттеріндегі хабарларды үзбей оқып, өзім де мақала жаза бастадым. Жазған дүниелерім аудандық, облыстық, республикалық газеттерде жарық көрді. Салама қатысты, өзге де тақырыптарға қалам тербей бастадым. Еліне еңбек еткен, туған өңірдің өсіп-өркендеуіне үлес қосқан ағалар жайында жазған жазбаларым да басылым беттеріне шықты. Ұсыныс-пікірлер білдіріп, жарияланған мақалаларға қатысты ойларымды жолдап отырдым, – дейді Жәнібек Мақсұтұлы.

Бір жылдары оның облыстық газетте «Әл-Фараби дінісіз бе?» деген тақырыпта мақаласы жарияланды. Бұл мақалаға белгілі журналистер Әзімхан Смайлов, Қаппар Сүлейменов, Қазыбек Әшірбекұлы пікір қосты. Сонымен қатар республикалық «Жас Алаш» газетіне шыққан «Тоғжан қайда жерленген?» атты мақаласы да көптің талқысына түсті. Қоғамдағы мәселелерден туындаған ойын тартып, онысын газеттерге жіберді. Өзекті болғанды кейін бе, басылымда тез жарық көрді.

Бүгінде сексенге аяқ басып, жары Құлжәмілде екеуі өсірген ұл-қыздарының ортасында отыр. Екі ұл, бір қызды аяқтандырып, құтты жеріне қондырды. Ұлы Алимас Шіркейліде жеке кәсібін ашқан. Жандос атты баласы машинист. Қызы Нұрғұл медицина саласында еңбек етеді. Немерелердің бақытына кенелген ақсақал жастарға өнеге көрсетуден жалыққан емес.



Сынды әлі күнге интригалық сезіммен қабылдайды

– Бұрын баспасөздегі сынның бірде-бірі елеусіз қалмайтын болған екен. Үлкендердің бұл сөзі бізге ертегі көрінді...

– Бір кездері он бес одақтас республика түгел Владимир Ильич Ленинге пұтқа табынғандай табылды. Оны «күн көсем» көріп, кумир тұтты. Лениннің шын тегі – Ульянов. Өзі Қазан университетін заңгер мамандығы бойынша бітірсе де, саясаткер бола тұра анкетаның «мамандығы» деген тұсына «журналист» деп толтырады екен. Лениннің журналистік қабілеті рәсіммен жоғары болған. Сол кісінің «Газет – қоғамдық насихатшы ғана емес, қоғамды ұйымдастырушы» дегені бар. Біле білген адамға бұл сөздің мәні зор. Біз мемлекеттің жылжуына кедергі келтіретін түйткілдерді қозғау арқылы қоғамдық пікір туғызамыз. Кейін соның айналасында соны шешуге тырысатын мүдделі топтар қалыптаспайды. Лениннің сөзі, міне, осыған саяды.

Кенес өкіметі кезінде қаны тамбай тұрған мәселелердің насихатшысы бола алдық. Бірақ қоғамдық ұйымдастырушы болу қолдан келмеді. Компартия баспасөз бен телевидениені қуатты қару ретінде ұтымды пайдаланды. Соның көмегімен заң, референдум немесе мемлекеттік маңызды шаралар, жағдайлардың жобасын талқылауға ұсынатын. Өкініштісі, бұл қолмен басқарылатын демократия еді. Әйтсе де, ол уақытта журналистиканың сапасы, денгейі жоғары болғаны жасырын емес. Көрініс әнші, асаба қазіргідей телеарнада талтаңдап жүрмейтін. Ақпараттық этикеттің бұзылмауы басты орында тұрды. Сыни материалдардың бірде-бірі жауапсыз қалмайтын. Өзіңіз «ертегі сияқты» деп отырсыз, расымен солай. Сатиралық «Крокотил», «Ара» журналдарына фельетон кейіпкері ретінде шығу мансабына тықыр таянғанмен бірдей. Бүкіл елге қырсыздықпен, ісінің берекесіздігімен танылып, «мәшһүр» боласын.

– Қазір соған селт етпейді-ау, шіркін...

– Осының өзі ақпарат құралдарының күштілігін көрсетеді. Ол кездегі кеңестік және шетелдік журналистика салыстыруға келмейді. Варшава келісім-шартына қосылған мемлекеттерді, мысалы, Венгрия, Румыния, Чехия, Польшаның өзінде батыстық демократия бар-тұғын. Ақпарат майданында олармен иық тірестіре алған жоқпыз. Бірақ кенес өкіметінің жетпіс жыл бойы мызғымай, әлемге сұсты боп көрінуі, батыс елдерінің зәресін алатындай беделге не болуы БАҚ-тың ықпалы екені анық. Бір ғана «Правда» газетінің тұңғыш номері жарыққа шыққан 5 мамырда Баспасөз күнін тойлады.

Небір майталман ақын-жазушылар баспасөз арқылы танылды, шыңдалды. Әдебиетке кеткенмен олар әлсін-әлсін журналистиканың соқпағына түсіп отырды. Журналистиканы мықты елден талантты жазушылар шығады. Колумбиялық прозаик, Нобель сыйлығының лауреаты Габриэль Гарсия Маркес саналы ғұмырын осы салаға арнаған. Ширек ғасыр жазушылықпен айналысып, әдебиетке құбылыс әкелді. Әйгілі америкалық жазушы Эрнест Хемингуэй репортёр болған. Әлемді шарлап жүріп жазған материалдарының көркемдік деңгейін көтерді. Қалтай Мұхамеджанов, Шерхан Мұртаза,

Камал Смайылов, Сейдахмет Бердіқұлов, Ержұман Смайылов, Сауытбек Әбдірахманов сияқты қазақ әдебиетінің классиктері де осы салада өте жемісті еңбек етті.

– БАҚ сол қауқарынан қалай айырылып қалды?

– Одақ шекпеннен шыққан мемлекеттердегі ахуалды зерттеп отырамын. Өзбекстан, Тәжікстанды былай қойғанда, Түрікменстанда журналистер лакей сияқты. Лакей дегенді білесіз ғой, сарай қызметкерлерінің етігін майлап сұртуші. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары кеңестік мектептің озық үрдістеріне сүйеніп, аудитория назарына тәуір дүниелер ұсындық. Бертін келе биліктің форматы ауысты. Сөйтіп де бұрынғыдай БАҚ көтерген мәселелермен санасу селдірей бастады. Оның орнына тас қорған қорғанысқа көшті. Шындықты айтып шырылдағандарды дұшпан көрді, экстремист санаған жағдайлар кездесті. Бұл – өте қауіпті тенденция.

Әлі күнге сынды интригалық сезіммен қабылдайды. Амбиция мен интрига екі бөлек. Амбиция – шамшылдық, жат құбылыстарға қарсы тұра білу. Ал интрига – өкпешілдік. «Шыбық тимей шыңқ етер, көзінен жасы жылт етер» дегенге келеді. Сынды қабылдап, мінін түзетудің орнына базбіреулер бұлқан-талқан ашуланады. Біздің бар ойымыз – көмектесу екенін ешқайсысы түсініп жатқан жоқ. Сондағы жауабы – «ол менің команда ғой!» Демек, жақсылық-жаманды құрып алды команда.

Егер жергілікті билікке біз көтерген мәселелерге құлақ түріп, оны назарда ұстау туралы жоғарыдан тапсырма келсе, бұдан аттан өтпес еді. Өкінішке қарай интригалық көңіл-күй мен әрекет сол жақтан басталып жатыр. Қазақстандағы журналистиканың денгейі Тәжікстан, Өзбекстан, Түрікменстандағы сияқты соншаа төмен дей алмаймыз. Әйтпесе, «Дат», «Жас Алаштарды» қайда қоямыз? Бұлар қоғамның запыранын, зарын шығару үшін қойылған түтікке ұқсайды. Сонда да бұрынғыға қарағанда жағдайдың маз еместігі «тілшілер қабілетсіз», «журналистика мектебі қалыптасқан жоқ» дегенді білдірмейді.

– «Қазақстанда цензура бар ма?» деу қисынға келмес. Өйткені қаржылай тәуелділік бәрібір соған мәжбүрлейді. Тілшілердің тілі қышығанымен, тісі батпайтын мәселелер ретінде нені айтар еліміз?

– Тілшілердің барлық тақырыпқа тісі батпай жүр. Айналып келгенде, мұның себебі ақпарат құралдарына күрметтің жоқтығында, біз қаузаған мәселелерді биліктің қабылдамауында. БАҚ басшыларының көбі жалтақ. Бірақ оларды қалай кінәлайсың?! Мемлекеттік тапсырыс алып отыр. Артық ауыз бірдене айтса, ертеңіне жауып тастауы мүмкін. Одан басының қылы да қисаймас. Бірақ қарамағындағы қаншама адамның обалына қалмай ма?! Амалдың жоқтығынан алданып, алдағы күндердің сәулесінен үмітсіз.

– «Қоғам ТВ» тәжірибесінде ауыздан «авария» болып, қысы көрген кездер ұшырасты ма? Мұндайда басшы ретінде қаншалықты принципшілсіз?

– Құйрықты жұлдыздай жарқ еткен журналист Сахитжан

Бүгінгі БАҚ-қа көзқарас, қазақ журналистикасының өткені мен бүгінгі, интернет иірімі сияқты мәселелер «Қызылорда қоғамдық телерадио-компаниясы» ЖШС құрылтайшысы Шаһизада Әбдікәрімовпен әңгімеміздің өзегі болды. Ақын, журналист сала беделінің төмендеуіне себепті тілшілерге емес, өзге жәйттерге әкеп тіреді.



Сауаттылық пен эстетиканың жаршысы

Ғаламторды қанша жерден мақтасақ та, ол газет пен журналдай бола алмайтынына сенімдімін. Заман талабын ескерген дұрыс шығар, бірақ тасқа басылған дүниелердің салмағы қашанда жоғары екені белгілі. Бүгінде осыған байланысты екі-жақты пікір бар. «Газет-журналызсыз өмір сүру мүмкін емес. Бұрынғылар ғаламторсыз-ақ газет оқып, көзін ашқан. Ал, жаңа заман адамдарының өмірін ғаламторсыз елестету қиын. Ол адамзатты өзіне тәуелді етті десек артық болмас. Әрине, қазіргі жағдайда қолдану дұрыс та шығар, бірақ газетсіз елдің тіліне нұқсан келеді» деп аға буын өкілдері баспасөздің келешегіне алаңдаушылық танытады. Екінші тарап «Қолымыздағы тетікті басақ болғаны, ақпараттың барлығы дайын тұр. Газет-журналға жазылып, ақша шығарып не керекі бар?» деп ойлайды.

Газет – қаншама адамның үздіксіз ізденісі, табанды еңбегі. Ел азаматтарының ізгі істері, қоғамдағы өзекті мәселелер жайын айтқан жазбаларды газет бетінен табамыз. Алайда жастар газет, кітап оқуға құлықсыз. Болашақ ұрпақтың бағытын дұрыс таңдауында баспасөздің өзіндік орны бар екенін ұмытпаған жөн. Газет оқу бұл – зиялылықтың белгісі.

Білесіз дүние жүзі толған халық, Олардың арасында бар көп парық. Алты айлық алыс сапар аралары, Тұрады бір-бірінен хабар алып. Шашатын сол хабарды газет-журнал Хал-жайын, шаруаларын түгел жазып. Жетеді күнбатысқа жұмасында Оқиға күншығыста болған анық.

Һәр жұрттың күзетшісі, көз-құлағы, Айнадай оқушыға бәрі жарық. Болса егер қауіп-қатер, жау менен жұт Білгізер күні бұрын еске салып. Болмаса газет-журнал білу қиын, Көзімен көре алар ма Һәркім барып. Жылында төрт-бес теңге төлеп тұрсаң, Кісіден сұрамай-ақ болдың қанық. Қимасан аз нәрсені, өз пайдана, Есігі өнер-білім саған жабық. Дүниені жүріп көрмей,

естіп білмей, Жатасың ішің пыспай үйде неғып? – деген өлеңді осыдан бір ғасырдай уақыт бұрын жазған Міржақып Дулатұлы заманы мен бүгінгі күнді салыстыруға келмес. Бірақ газет арқылы дәуір тарихы қатталып жатқанын шындық.

Сыр өңірінен шығатын газеттер өзіндік орны ерекше материалдарымен ой салады. Облысымыздағы өзіндік тарихы бар, бағыт-бағдары айқындалған, қалың оқырманы қалыптасқан жақсы жаңалықтар жаршысы.

Өңірдің жасампаз істерге толы шежіресін қалыптастырып, жас ұрпақ тәрбиесі, ана мен бала, халықтың экономикалық жағдайы туралы жазып, жұртшылық көңілінен шығып келеді. Газет ұжымының сан түрлі тақырыптарда қалам тербеп, еліміздің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып, ұйымшылдықпен абыройлы істерді атқарып келе жатқаны – редакция қызметкерлерінің жұмысының жемісі. «Төртінші билік» атанған баспасөз қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтаймын. Ойларыңыз салықалы да салмақты, қаламдарыңыз қарымды да шабытты болып, шығармашылық шыңға жетуге тілектеспін. Ақпараттық майданның қайнаған шағында халықты хабарлар етіп, жақсы жаңалықтардың жаршысына айнала беріңіздер. Тәуелсіздікті нығайту жолындағы еңбектеріңіз жана берсін!

Гүлшаһар ӘЙМШОВА,
№266 мектеп-линей директорының орынбасары.
Қазалы ауданы,
Әйтеке би кенті

Сұхбаттасқан Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

“SYR BOIY” GAZETININ ARNAIY BETI

ALTYN

tin

Татулықпен тамсантқан ауылымды



Жалағаш ауданына қарасты Енбек ауылында 30 жылдан астам уақыттан бері «Батыр аналар» ансамблі бар. Ол ұлттық өнерді ұлықтаумен қатар, жаңа өмірге қадам басқан жас отбасылардың жарасып кетуіне де барынша көңіл бөледі. Кезінде «Батыр аналардың» бұл бастамасы аудан, облыстан асып, республика көлемінде кеңінен қолдау тапты. Айталық, 1988 жылы Алматы қаласына барып, «Қазақстан» телераисы арқылы күллі ел алдында концерт берді. Ал іле-шала республикалық бағылым беттерінде аналар тағылымын дәріптеген мақалалар жарияланып жатты.

Сб **Ғазиза ӘБІЛДА,**
«Сыр бойы»

Сол кездегі совхоз директоры Ұзақ Еспановтың, партия ұйымының хатшысы Кеніш Жұмалиеваның бастамасымен ауылдық мәдениет үйінің жанынан құрылған өнер ұжымының алғашқы құрамында 20-ға жуық ана болды. Олар алды 16, соны 8-9 бала өмірге әкелген ақ жаулықты ардақты аналар еді. Ансамбль ең алғаш сол 1988 жылы 8 наурыз мерекесі қарсаңында ауыл сахнасында концерт берді. Алақандай ауыл болған соң, бірі апа, бірі жемге, енді бірі замандас, бір-бір отбасының ұйытқысы болып отырған қарапайым жандардың өнерін сахнадан көру бір ганибет еді. Айта кетейік, оның алғашқы көркемдік жетекшісі, белгілі сазгер Жұма Данилов болды. Алматыға барған өнер сапарында концертке жетекшілік жасады. Ансамблдің хор ұжымы орындаған Шәмшінің әйгілі «Арыс жағасында», «Сыр сұлуы», Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекені» ерекше шырқалды. Жеке орындаудағы өнерпаздар «Бір бала», «Ақ дария», «Балымша», «Сәулем-ай» сияқты халық әндерін сызылта салды. Табиғи боюы

канық, кең тынысты қазақы дауыс қайсыбір әннің де тылсымын аша түскендей, таңғалдыратын. Аналар ансамблінің ұлттық нақышта өзіндік келбетін қалыптастырып, көркемдік тұрғыда әлеуетін көтеруге облыс, аудан, ауыл басшылары тарапынан ұдайы қолдау көрсетіліп, «Енбек-Жер» ЖШС мәдениет үйіндегі аналар бөлмесін қажетті тұрмыстық бұйымдармен түгел жабдықтап берді. Алғашқы құрамда өнер көрсеткен Патима Каршығаева (он алты балаана анасы), Нәбира Кауменова, Жанымкүл Есімова, Қанша Даярова, Мәрияш Сәтенова, Айнагүл Бұрышова, Әдеп Толыбаева, Ақзереп Аялова, Абаш Жұмағұлова, Жұмакүл Бексейітова аналарымыз ел-жұрттың ерекше құрметіне бөленді. Олардың бірқатары бүгінде өмірден өтіп кетті. Алайда олар бастаған ізгі дәстүр әлі жалғасып келеді. Татулықпен тамсантқан ауылымды, ауылымды, ағайын-бауырымды. Ізеті мол қазақтың келіндері



Бағалаттың баршаға

кадірімді, – деп акын Сәнімкүл Желдербаева апамыз әнге қосқандай, шынында сол кісілер ауыл-аймақтың жақсылығын жария етіп, бірлігі мен берекесін, туыстығы мен татулығын таныта білді. Айталық, ауылда жаңадан шаңырақ көтерген жас отбасылар алдымен «Батыр аналардың» батасын алып, отбасылық өмірге қажетті ақыл-кеңесіне жүгінеді. Ұлттық нақыштағы қолөнер бұйымдарын, құрақ көрпе, құс жастық тігіп, ұлттық тағамдар әзірлеуде, сондай-ақ, жас келіндердің саби күтіміне байланысты аналардан үйренері көп. Ансамбльге он екі пәрзент өсірген Рахия Жұбатханова апай көп жыл жетекшілік жасады. Ол кісінің өзі де – өнерге жақын, қолөнерден хабары мол, әсіресе, ас әзірлеуге аса шебер адам. Өмірлік жарынан ерте айырылса да, ел қатарлы балаларының барлығын өз орнына қондырған Рахия ана бүгінде аяулы ана, ардақты әже, ауыл-аймақ, ағайын-туыстың ақылшысы болып отыр. Біздің анамыз да сол ансамбльдің белсенді мүшесі болды. Ал әкеміз ара-тұра концерттік бағдарламалардың

сценарийін жасауға жәрдем беретін. Иә, аналардан құралған өнер ұжымы әлі күнге ағайынның амандығы мен абысын арасының татулығы, түптеп келгенде, әрбір отбасының орнықты болуы үшін аянбай тер төгіп келеді. Жалпы айтқанда, халықтық дәстүрді дамытуда жастармен тұрақты байланыс орнатып, жақсы өнеге қалыптастырып отыр. Аналар ансамблінің алғашқы ұйымдастырушыларының бірі, көп жыл ауылдық мәдениет үйінің менгерушісі болған Рабига Токсейітова тарихи тағылымға тұнған өнер ұжымының ұлттық өнерімізді ұлықтап, ұрпақ санасына сіңіруде, сондай-ақ, шаңырақ шұағын еселеп, отбасы құндылығын арттыруда ізі қалғанын айтады. Бір қуаныштысы, жақсы дәстүр жалғасын тауып, бүгінде «Батыр аналар» ансамблінің жаңа құрамы жасакталды. Олар да алдыңғы толқын аналардың өнегесін ұстанып, салт-дәстүр сабақтастығын қолға алған. Осылайша ауылдағы аналар ансамблі ұлттық тәрбиенің алтын тінін үзбей, ұрпақтан ұрпаққа ұлас-тырып келеді.

Жас режиссердің жетістігі



РУХАНИ

ЖАҢҒЫРУ

Театрды өсіретін де, өшіретін де – режиссер. Егер режиссердің техникалық сауаты төмен болса, ұтымды мизансцена құра алмай, актерлардың сахнада өмір сүруіне көмектесудің орнына, кедергі жасайды.

Ал мизансцена құру – режиссердің ең маңызды құралы. Оны менгерген режиссер мән-мағынасы терең спектакль қояды. Бұл ретте жас режиссерлар арасында Әділхан Асановты айрықша атауға болады. Оның мизансценалық шешімдері спектакльге терең мағына беріп, көркемдік дәрежеге көтереді.

Сб **Биболат СӘТЖАН,**
«Сыр бойы»

Әділхан Асанов 1992 жылы Қазалы ауданында туған. 2018 жылы Т.Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясын театртану мамандығы бойынша бітірген. Сол жылы Қызылорда «Жастар» театрында әдебиет бөлімінің менгерушісі қызметін атқарды. 2019 жылдан Қазалы ауданындағы Р.Бағланова атындағы мәдениет үйі жанындағы Ж.Тұрсынов атындағы халық театрының режиссері болды.

Жас режиссер екі жылда көрерменге үш спектакль ұсынып үлгерді. Алғашқысы – «Есігімді қаққан кім?» қойылымы. Бұл туынды белгілі жазушы-драматург, Парламент Сенатының депутаты Жабал Ергалиевтің «Жан шырлы» атты пьесасынан сахналанған. Шығармада соңғы уақытта да елдің тыныштығын бұзып отырған теріс сипаттағы ағымдар және білместікпен қауіпті жолға түсіп жатқан жастар жайы айтылады. Мұнан соң өлең сөзбен өрілген, лирикаға толы драма – И.Сапарбайдың «Абай-Тоғжан» спектаклі өнерсүйер қауымға жол тартты. Талантты жас биыл Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Т.Ахтановтың «Ант» спектаклін сахналады. Драмалық дастан үлкен театр деңгейінде қойылды.

Әділхан драматург ретінде де ерекше назарға иініп келеді. Қазіргі театр үшін басты ауыртатын басты кесел – режиссерлардың классикаға өте әуестігі. Оның себебі де белгілі: сахналау анағұрлым оңайырақ. Өйткені оны сахналаудың классикалық әдіс-тәсілдері бар. Ал жаңа туындыға қай-қайсысы да тым тартыншақтап барады, барса да көңілдегідей етіп қоя алмай жатады. Сосын да қазіргі дәуірде жарқ ете қалған жаңа, елді елең еткізер спектакльдер тым аз. Бұл ретте Әділхан Асанов – жаңашыл көзқарастағы, заманауи туындылар жазуға талпынып жүрген жаңа есімдердің бірі. Оның қаламынан туған «Мафия», «Әулие ағаш», «Ызғар» пьесалары бірнеше байқауларда жүлделі орындарға ие болған.

2019 жылы Қарағанды облыстық театрында жас режиссердің «Мұңлы Арлекин» монопьесасының премьерасы өтті. Былтыр «Ауыл» партиясы ұйымдастырған «Ауылым – алтын бесігім» республикалық байқауында «Әулие ағаш» пьесасы 3-орынды иеленді. Ол Қазақстан мен Ресей театр қайраткерлері ұйымдастырған «Драма.kz» халықаралық жобасында екі жыл қатарынан финалист атанды. Биыл да сол байқауға жаңа пьесамен қатысуда.

● ДӘСТҮР және СӘН

«Орамалы тұрады бес жүз жорға»

Жақында қыз ұзату кешінде болдық. Байқағаным, жас келіндердің барлығы қазақы ою-өрнектермен безендірілген орамал мен камзол киіпті, әшекейлер тағыпты. Қандай жарасымды! Арулардың сұлулығын толықтырып тұратын осы – ұлттық киімдеріміз бен әшекейлеріміз. Ұзатылып бара жатқан қыз да қосетек көйлек пен сәукеле киіпті. Шашы өрілген, шолпысы төгіліп тұр. Сыңғырлап шыққанда көпшіліктің назарын аударды. Қызды қолтықтаған екі жемгесі де етек-жені төгілген, кестеленіп тігілген ұлттық киімдерімізбен ажарланып тұр. Тіпті, үлкен аналарымыз да сәні келіскен, өрнегі көздің жауын алатын камзол киіп жүр. Бір-бірінің көйлектеріне қызығып, қандай дүкеннен алғанын, қай тігінші тіккенін сұрастырып жатыр.

Сб **Сара АДАЙБАЕВА,**
«Сыр бойы»

Бұрындары мерейтойы болып жатқан ел ағалары мен ақ жаулықты аналарымызды құттықтағанда шапан жауып, камзол киізетін едік. Сондай шараларда ғана ұлттық киімдерімізді еске түсіретінбіз. Сосын Наурыз мерекесінде киіп шығатынбыз. Қазір тойларға, жұмысқа күнделікті киюге ыңғайлы қазақша киімдер саудаға шыққан. Жарасымды әрі сәнді қазақша көйлектер

қыз-келіншектердің ажалын аша түскендей. Отандық тігіншілер жеңіл жейделер, камзолдар мен көйлектерді күнделікті киіп жүруге ыңғайлы етіп тігіп жатыр. Бұл киімдермен кез келген ортаға бара аласыз. Демек, сұраныс бар. Қала орталығындағы қолөнер дүкендері қазақша оюлармен өрнектелген киімдерді сатылымға шығарған. Онда



ұлттық нақыштағы қыз жасауы, бұйымдар, әшекейлер, киімдердің сан түрі бар. Тігіншілер қалауыңызға сай етіп, түрлі тастармен оюлап, өрнектеніп тігіп береді. Әшекейлерді талғамға сай жасайды.

Айта кетерлігі, отандық дизайнерлердің көпшілігі ұлттық нақыштағы киім үлгілерін әлемдік сән сахналарында көрсетіп, жоғары баға иеленіп жүр. Көрмеде қызғышшылық танытатындар да аз болмайды екен. Дизайнерлер бұл киімдерге бағалы маталарды қолданады. Ою-өрнектер, түрлі әшекей тастар ұлттық киімнің сәнін аша түскендей. Бұл – адамның уақыты мен көз майын тауысатын еңбек. Сондықтан бағасы қымбат. Оны кез келгеннің қалтасына көтере бермейтіні осы еңбегінде.

Бала күнінен бастап ісерлікпен айналысып келе жатқан Бағжан Шайхислам қазақтың ұлттық киімдерін тігуге маманданған. Оның айтуынша, соңғы жылдары қызылордалық тұтынушылардан ұлттық нақыштағы киімдерге тапсырыс артқан. Қазір әдемі сән үлгісі қазақы нақышта тігілуде. Әсіресе, мерейтойларға зерлеп тіккен камзол, шапан сыйлау сәнге айналған. Тігін цехында

жұмыс істейтін жұмысшылар – өз істерінің маманы. Олар ұлттық киім тігу, өрнегін салу, оюы мен тастарды пайдалану оңай шаруа еместігін алғатты. Шеберхана тек киім тігумен ғана шектелмейді. Ұлттық нақыштағы кәдесыйлар, қыз жасауын да жасайды. Сонымен қатар киізден байпақ, кәжекей жасап, тұтынушының талғамынан шыққан. Шебердің өнімі өзге де өңірлерге тапсырыспен жөнелтілуде.

Әрбір ұлтты айшықтайтын құндылықтар бар. Солардың бірі – киім. Кәжекей мен бүрмелі көйлек – қазақ қызының сәні. Аналарымыз ақ жаулығын тақса, келін оюлы кәжекейін ілсе, қыздарымыз кестелі көйлегін киіп жүрсе, жарасымды емес пе?! Бастысы, ұлттық киім сандықта жатпаса болғаны...

Шаштарын он күн тарап, бес күн өрген. Сол қыздың сұлулығын мен айтайын мен айтайын. Үстінде дүрия бешпент, шайдан көйлек, – деп толғайды «Ой көк» деген халық әнінде.

– Ақ көйлек, қызыл бешпент, әдемі қыз, Тиген жок әлі ешкімге әдемі-ау әлегіміз, – дейді «Әдемі қызда». Мұндай мысалдар көп, тек ұлттық киімдерімізді күнделікті қолданса енгізу де әлі де кедергілер бар. Басты кедергі, әрине, бағасында. Расында, қыз-келіншектер арасында заман талабына сай тігілген ұлттық киімдер мен орамалдар сұранысқа ие бола басталды. Алайда, ұлттық стильде киіну әлі де қолжетімсіз болып тұр. Киіну – адамның талғам-тәрбиесінің көрінісі. Көпшілігіміз сәнді киінуді білсек те, мәнді киінуден тысқары қалып барамыз. Қазір киімнің бренд танбасына қарап, әркімнің шама-шарқын білуге болады, бірақ ұлттық болмыс-бітімін ажырату қиын.

– Боз үйден бір күз көрдім көзі күлген,

Сыр баспасөзінің қарашырағы – «Сыр бойы» газетінің шыға бастағанына тоқсан жылдан асты. Қаламгерлер мерекесінде тоқсанға қарай жол тартқан ардагер журналист Қайырбек Мырзахметұлына қолқа салып, өткен күндерге шолу жасауын өтінген едік.

Бұл жолғы жазба майдангерлер легінен сыр шертеді.

Өмір дария секілді, ол ағысын тоқтатпайды. Біз алдыңғы толқын ағалардың жолын жалғастырдық. Тағдыр олардың пешенесіне бар қиындықты жазды. Ашаршылық, қуғын-сүргін, одан соң сұрапыл соғыс кезікті. Біз майданнан оралған ағалармен қызметтес болдық. Олардың бойында ала жіп аттауға жоқ қасиет дарығанын байқадық. Бір-біріне ілтипаты мүлдем бөлек еді-ау. Отыз жыл

Қазір жоғарыдағы ағалар мен апалардың көбісі жоқ. Тек ортамызда қазір Рысты, Иген ғана жүр.

Мәскеудің жоғары партия мектебін бітірген Әбділла Құрманәев пен әскерде тұтқындалған Бөлекбай Әлменовтің әзіл-қалжыңдары мүлдем бөлек болды. Қатты әзілдесетін. Бірақ, бір-біріне зілі жоқ, көтерігіш. Әбділла аға қызық кісі еді, аңғал. Гурьевтің облыстық газетінде редактор

бетке бұл әңгімені неге бересіңдер?» деп обкомнан телефон соғылды. Бас редактор өзін іссапарда едім деп құтылды. Осы әңгіме біраз дүрбелен туғызып, азаматтардың қызметтен кетуіне себепкер болды. Осындай да қызық өткен. Өмірде болмайтын нәрсе жоқ-ау деп ойлайсың.

Журналист Орман Нұрхабаев Алматы партия мектебін бітіріп, содан соң ұзақ жыл редакцияда, одан соң баспаханада директор болды. Өзіл-қалжыны бөлек еді. Айтқыр Қалтай Мұхамеджанов «Орекен қоғамның санитары, әзіл-қалжыңның көмбесі» деп бағалап өтті.

Обком хатшысы Х.Бектұрғанов

ҰМЫТҚАН ЖОҚПЫЗ, АҒАЛАР!



қос балдаққа сүйеніп, денесіндегі қалалған оқты алдырмай ғұмыр кешкен Ахметжан, Құрманғали ағалар нағыз күрпіш қазакқа тән мінез байқатқаны естен кетпейді.

Сонау елуінші жылдары қазіргі «Сыр бойы» басшылығының кеңесі қаладағы Держинский көшесі №8 үй еді, одан әріректе сары кірпіштен 1885 жылы салынған баспахана болды. Көп жыл тұрса да бір мүжілген жері жоқ. Нағыз шеберлер өргені байқалатын. Сол баспаханадағы Чульков, Лавриненко деген жігіттер нағыз бесаспап болатын. Олардың кейін ізбасары болған Бақыт Қайымов қазіргі «Сыр медиа» баспаханасында қызмет етеді.

Біз еңбек еткен «Ленин жолы» ол кезде апта сайын шығады. Қазіргідей компьютер көк, бар әріп қорғасына құйылады, бет қолмен жасалады. Ағалар осы бір қиын сәттерде түн қатып жұмыс істеді. Айта беретін Хрущевтің ұзын-сонар баяндамасы телетайппен келеді, оны түні бойы күтіп, газеттің келесі нөміріне беретін қатаң тәртіп бар. Әр әріпті санап оқытын қырағалардың аңдатыны газеттен кәте іздеп, басшылардың мазасын алудан басқа жұмысы жоқ секілді екенін сезінумен болды. Газеттегі кезекшілер түні бойы баспаханада қона жатып, ертеңіне сілейе құлайды. Редакторлар түннің бір мезгілінде үйлеріне қайтатын-ды.

Газетте қазіргідей жастар жоқ. Оңша майданнан оралған ағалар болды. Бірі – майор, бірі лейтенант, аға сержанттыз деп бөлімдерде хат қорытып, кезекшілік жұмыс атқарып, бірі іссапардан оралатын.

Майдангер полковник Әбділла Құрманәев, капитан Әбсадық Жанзақов, аға лейтенант Досмағанбет Тасекеев, Құрманғали Ажаров, сержанттар Бөлекбай, Ахметжан, Қадыр ағалар – бір-бір бөлімде менгеруші. Тек майданға бармаған Орман Нұрхабаев, ақын Әбдікәрім Оналбаев – бірі хат бөлімі, екіншісі партия тұрмысының тұтқасын ұзақ жыл ұстады. Ал, осы ағалардың әдеби қызметкерлері Дархан, Құрманғазы, Жәкебай, Жаксылық, Мәрия, Жүсіпбек Ахметов атты ағалар болды. Кейін Сыдық Алдабергенов, Рысты Бекбергенова, Назым Есімовалар қосылды.

болған жерінен «Ленин жолына» келді, хабар бөлімін басқарды.

– Гурьевтің облыстық газетінде редактор кезім. Алматыдан, ЦК-дан бір азамат телефон соқты.

– Бізге редактор Құрманәев керек! – деп қатқыл дауыс білдірді. Үрейленіп, бөлме-бөлмеден Құрманәевті іздегенім бар. Сөйтсем, Құрманәев өзім екен, сәлден соң тыңдап тұрған Құрманәев деп жауап бергенім есімнен кетпейді деп отыратын жарықтық, аңғал Әбділла аға.

Тағы бір эпизод. Бәрі есімде. Бірде Бөлекбай аға әңгімені төгіліп отырды. Редакция кеңесінен әудем жерде қалалық парк болатын. Сол паркке оңша майдангерлер жұмыстан шыға шөл басып отыратын әдетіміз бар еді, – деді Бөлекбай аға. Әбділданьң қамыс қалпағын арқа тұсындағы ағашқа іліп қойып, Әбділла өзінің өткен-кеткенін әңгімелеп, сөз бермей отырған-ды.

– Әбділла, әңгіменді азайт, бағанадан бері арқа тұсында қамыс қалпақты біреу сенің сөзіңді тыңдап тұр, сіре саған жіберген тыңшы болар, – дегенім сол еді, Әбділла өз қалпағынан шошынып зыта жөнелді. Үйіне барып, өкпесін басып, терезе тұсында тұрған бөтелкедегі уксусты су деп ішіп, ауруханада ұзақ жатқаны бар, – деп бәрімізді қыран-топан күлкіге қарқ қылатын жарықтық Бөкен.

Ағалардың әзілі қызық болатын, қазір бәрін сағынатын болдық. Майдангер Досмағанбет Тасекеев әскерде айып батальонын басқарған командир болған, кейін қалалық әскери комиссариатта, обкомда нұсқаушы болып «Ленин жолында» партия тұрмысы бөлімін басқарып, зейнетке шықты. Орыс тіліне жетік Досекенді институт ғалымдары ұстаздыққа да шақырды, әдебиетті шемішекдей шағатын аға журналисті ұнатты.

Досекен жоғарғы билікте отырған бір азаматқа ренжіп, Әзіз Несиннің «Ақылды есек» деген сықағын орыс тілінен аударып, соны газеттің бірінші бетіне салдырды. Оны сол бетке салуға жауапты хатшы Сыдық бірден-бір себепші болды. Екеуі сырлас, сыйлас болатын. Содан «бірінші

Орекенді өз қабылдауына шақырды.

– Ореке, жасыңыз келді. Сізді зейнетке шығаруды қалайлап отырмыз. Ренжімеңіз.

– Несіне ренжім. Өзімнің ерте туғаныма бүгін ренжіп отырмын. Бір жыл істей тұрайын, Хасан Шаяхметович. Балаларым жас еді. Соларды биыл үйлендіріп алайыншы...

– Жарайды келістік.

Арада бір жыл өткен соң тағы шақырды.

– Келісім бойынша бір жыл болды. Сізді зейнетке шығарудың кезегі келді. – Сіз де бір жыл дегенді ұнатпайды екенсіз, бірер жыл деп едім ғой, – дегенде басып басып көтермей, ақыры Орекен бірер жылдай тағы да баспаханада басшы болғаны бар.

Капитан журналист Әбсадық Жанзақов, Әбдікәрім Оналбаев, Сәбит Мұқанов, Әбділла Тәжібаевтармен сыйлас болды. Бауырлас інісі Қомшабай Сүйеніш Әбекеннің дүниелерін жинастырып, кітаптарын шығаруға атсалысқанын білеміз. Ақын Әбекен Зейнулла Жарқынбаевпен іргелес бір ауылдан еді.

Қазір бір кезде еңбек еткен ағалардың көбісі ұмытылуға айналды. Ұзақ жыл екі бірдей ауданда редактор, облыстық газетте жауапты хатшы, облыстық радиокөмітетте редактор, одан соң «Егемен Қазақстанда» бір бөлімді басқарған, бірнеше роман, повесть жазған, қызметтес болғанда «диктовкіннің майталманы» аталған Садық Алдабергеновте туған қаладан – Қызылордадан бір көше бұйырмай тұрғаны өзекті ортайды. Аудармашы Қалыбай Бөршеев, журналист, бір повесть, бірнеше әңгімелер жинағын шығарған Досмағанбет Тасекеев, майдангер Әбділла Құрманәев, Қадыр Алдоңғаров, Бөлекбай Әлменов, Назым Есімовалар есімі де ұмыт болмаса дейміз.

Иә, біз сіздерді ұмытқан жоқпыз, ағалар!

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ, ардагер-журналист, Қазақстанның құрметті журналисі

Уақыттың қалай өткенін, кешегі балалық, жігіттік дәуренді көз алдыма елестетер болсам айтатын әңгіме көп. Қиындығы мол соғыстан кейінгі кезеңде халықтың жағдайы ауыз толтырып мақтана айтуға болмайтын-дай еді.

ҚАУЫМБАЕВ ҚАРА ТІЗІМГЕ ҚАЛАЙ ІЛІКТІ



Сол кездегі Тереңөзек ауданындағы №8 ауылда (Карл Маркс колхозы) жеті-жылдық мектептен кейін, қаладағы Нағима апамның үйінде, №10 Абай Құнанбаев атындағы онжылдық мектепті оқып бітірдім. Апайдың үйі Шымбай көшесінде болатын. Темір жолдың арғы бетіндегі мектепке қатынап оқыдым.

Сол жылы Шымкент қаласынан біздің туысқанымыз Жүсіп әкемінің үйі көшіп келді. Оның баласы Жүсіпов Ерболат екеуіміз мектепке бірге қатынадық. Ерболат орыс тілін жақсы менгерген және кез келген ортада бейтаныс адамдармен танысып, сінсіп, тонның ішкі бауындай етене араласып кетеді. Мектеп бітіргеннен кейін Қызылордадағы Н.Гоголь атындағы пединститутты жақсы бітіріп, қалалық ішкі істер бөліміне тергеуші болып жұмысқа орналасты. Алматыдағы оқу орнының заң факультетін сырттай бітіріп, ішкі істер бөлімінде подполковник дәрежесіне дейін көтерілді. Республикадағы, облыс орта-

лығындағы газеттерге үнемі мақалалары шығып тұратын. Күнделікті жұмысындағы қызықты, төтенше қызымстар туралы көптеген детективті мақалалар жазып отырды. Кейіннен арнайы кітап болып жарыққа шықты. Ереккен домбыранын құлағында ойнайтын, ән салатын, сөз тауып, әңгіме айтып,

отырған ортаны гүлдендіріп, шат-шадыман күлкіге бөлеп, берекесін келтіретін. 70-жылдары Ерекеннің қыз алыспайтын ағасы, көп жылдар басшылық қызметте болған, сөзге шебер, байсалды, әңгімені мәйегін тамызып айтатын Баратбек қайтыс болды. Ол кісі бұрынғы Амангелді кинотеатрдың қарсысындағы көпқабатты үйде тұратын еді. Ол қазіргі Асқар Тоқмағанбетов көшесі. Міне, сол кісінің бауырларына көңілқош айтуға

Қызылорда қаласындағы Сәулет-30 көшесі енді Сыр елі көрерменінің қозайымына айналған, қызмет бабында қаза тапқан журналист Сахитжан Бермағанбетовтің есімімен аталады.

Сахитжан Бермағанбетов көшесі



Қаламгерлердің кәсіби мерекесі қарсаңындағы салтанатқа қала әкімінің орынбасары Асқарбек Есжанов, Сахитжан Бермағанбетовтің ата-анасы, бауырлары, ағайындары, журналистика саласындағы аға буын өкілдері, ұстаздары және достары қатысты. – Сыр еліне танымал журналист Сахитжан Бермағанбетов атына көше беріліп жатыр. Шын жүректен құттықтаймыз! Адамның қаншалықты өмір сүргені емес, қалдырған ізі маңызды. Өмірден жастай кеткен Сахитжанның халық жүрегінде қалған еңбегі, билік пен халық арасына алтын көпір болған кәсіби шеберлігі ерекше еді. Сол

себетті оның есімі ұмытылмайды, – деді Асқарбек Есжанов. Сахитжанды көпшілік жақсы таниды, құрметтейді. Сондықтан бозар «Сахитжан Бермағанбетов көшесі» деген тақтайшаны көрген тұрғындар «Бағыз Сахитжан ғой. Жақсы болған екен. Көшесін көріп риза болып тұрмыз», «Енді Сахитжан Бермағанбетов көшесінің тұрғынымыз» деген жылы сөздерін айтып жатты. Ескерткіш тақта орнатылған жерге қызылордалық журналистер қауымы тал отырғызды. Бұл бас-таманы енді көше тұрғындары жалғастырады. «СБ» ақпарат

«Қанатты қалам» – кейінгілерге аманат

«Қанатты қалам» қонбайды, кез келгеннің қолына, Қонды екен онда бағы да бірге соры да. Халықтың тілі, құлағы, нұрлы көзі боп, Адастырмай ерте аламысың соңыңа?

Дәл осы сауал жанымға маза бермейді, Ақпарат – айдын толқыны жүрек тербейді. Қаймана қазақ жұртының шаттығын айтсам деп едім, Жібектей бақты түте алмай, кешегі қайран Мұқаңдай, Болашағыма арыз жазғым келмейді.

Туәелсіз елдің ертеңінен үміт үзбеймін, Жүректе сенім, жетегінде жүрмін ізгі ойдың. Артында сөзін, қалдырған сүрлеу-соқпағың, Көшкен дәуірдей ағаларымды іздеймін.

Ей, дүние-дәурен көзімді жасқа бұлама, Мұнара көңіл мүң қажаса да құлама. Жаратқан нем десе де: қалдым, сұрама!» Сахитжанның сағынады әлі Сыр ана!

Айжарық пенен Әскербек, Ізмұрат елдің мақтаны, Сөйлеген сөзі тақталы, ешкім бір мінін таппады. Өткен-ай, өткен... Еріксіз еске түседі, Үш қара нарды құлатқан шілденің шерлі аптабы.

Ағаларым-ай, қиямын қалай өлімге, Енді есін жиып жатыр ғой мынау елің де. Журналист пенен бөріні асырайды деп аяғы, Тартып кетпегенде тірліктің бітіп баяны. Төбедей болып отырар ма еді төрімде...

Таппай келем кілең жоққа сүрініп, Өлмеу үшін бар мұрасын тірі ғып. Таптап кеткен асылдардың қайтейін, Топ ішінде орыны тұр білініп...

Өтіп жатыр небір жайсаң қымбатты ер, Жоқтап тұрған дәуір даусын тыңдап көр. Әр жерінен біте салар әркімге, Өмір деген түгесілмес жыр дәптер.

Таңдайға құдай сөз салып, маңдайға қонған дара бақ, Аңыз боп қалған өткенге енді салауат. Өтеді олар парызын елге адал-ақ, «Қанатты қалам» – кейінгілерге аманат!

Қасқайып шыңға барып жүр, тыңға да түрен салып жүр, Елменен бірге арып жүр, елменен бірге жарып жүр. Құлдретті қалам қолға алып, жүректен құйған сиясын, Журналист деген халық жүр, шырағын сөздің жағып жүр!

Ақ сөйлеп ханға дат айтқан, Бұқардың солар жалғасы, Бұрынғы би мен шешеннің бүгінгі жаңа арнасы. Үшқыр ойларды қашанда өмір биігіңде самғатқан, Бей, «Қанатты қалам!» Шарықта мәңгі талмашы!

Ұлықбек БЕКУЗАҚҰЛЫ

жан-жақтан туған-туыс, жақын-жекжат жиналған.

Баратбек ағайды Шағанға баратын автотрассаның бойындағы Көтібаров бейітне жерлеп қайтып оралдық. Дастархан басында астан ауыз тиіп, құран бағыштадық. Баратбек ағайды жерлеуге өте жақын туысы Тереңөзек ауданынан келген журналист Сұлтан Қожаниязов әңгімеден әңгіме туып, сталиндік репрессияның ел-жұртқа, халыққа тигізген қасіреті туралы сөз бастады.

– Сол жылдары жас кезіміз, комсомол мүшесіміз, берілген тапсырманы орындау шаруауы, ерінуді, немқұрайлықты білмейтін уақыт еді. Бір күні Алматыдан орталық партия комитетінің қызметкері Жақыпбек Жанғозин деген кісі келді, жиналыс өтті. (Ол кісі кейін біздің апамыз Досмайылова Сапураға үйленген, олардан үш бала бар). Ол кейін сауда министрі, Қарағанды облыстық атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарған. Жиналыста Қызылорда облысында халық жауларын табу жұмысы өте нашар екені айтылды. Сөйтіп, қорыта келе, бізге бір апта уақыт беріп, сол кемшіліктерді жоюды тапсырды. Сұлтан ақсақал жиналыстан кейін көп ойланғанын, сөйтіп 17 адамның тізімін (ішінде Қайыпназар Қауымбаев бар екен) бергенін айтып салды. «Міне, талай жылдар өтті, сол адамдар әлі жоқ,

келмесе кетті, келмейді де», – деп сөзін аяқтады.

Осы сөздерді өз құлағыммен естігенім жадыма мәңгі сақталып қалыпты. Иә, сондай зұлмат заман болды.

«Сыр бойының» редакторы Қайыпназар Қауымбаев Сырдария ауданына қарасты Карл Маркс колхозында дүниеге келген. Әкесі Сүлеймен Қауымбаев ауылда егін шаруашылығымен айналысып күн көріп, бала-шағаны асыраудың қамында өмір сүрген келді шаруа екен. Қауымбайдың үш ұлы болған, олар – Сүлеймен, Иса, Ескалі деген кісілер. Сол жылы атылғандар қатарында 1937 жылы 27 қыркүйекте №8 ауылдан облыстық «Сыр бойы» газетінің редакторы болып қызмет атқарған Қайыпназар Қауымбаев, №1 ауылдан Жанұзақ Мырзахметов, Сәтен Ершокаев, Нұрлан Мектепов, Үйсімбай Досжанов, №10 ауылдан Есмұхан Тәжіев, №14 ауылдан Дәуренбек Ершокаев секілді 25-40 жастың арасындағы арыстар болды. Байғонов пен Тышқанбаев тірі қалып, кейіннен олар да ұсталып, атылған.

Иә, зұлмат заманның тарихы осындай болды. Сөз соңында айтарым, Қайыпназардың ұрпақтары Нұр-Сұлтан қаласында тұрады.

Сағындық ШӨМШІЕВ, медицина саласының ардагері



Аңыз мен ақиқаты қатар жүретін театр әлемінде әр құбылыс, әр тұлғаның өз кескіні мен мінезін, өз болмысы мен тұрпатын жазбай тануға, жаңылмай талдауға мүмкіндік беретін сәттер болады. Бүгінде сексеннің биік сепірін бағындырып отырған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Күрмет» орденінің иегері, майталман сахна шебері Хүсейін Әмір-Темірдің жүріп өткен шығармашылық жолына үйілген кезде, қазақ театр өнерінің алтын беттерін парактағандай әсерге бөленеріңіз сөзсіз.

ҚАЗАҚ САХНА ӨНЕРІНІҢ КОРИФЕЙІ

Ұлтымыздың рухани кеңістігінде айрықша орны бар, өрелі елдемдер өрісінен көрініп келе жатқан Х.Әмір-Темірдің есімімен еңбегі өнерсүйер жұртшылыққа кеңінен мәлім. Саналы ғұмырын күдіретті де киелі театр өнерінің өркендеуіне арнаған суреткердің алғашқы еңбек жолы Қарағанды облыстық қазақ драма театрынан (1965-1967) басталды. Сахнада сан алуан бейнелер сомдап, ел-жұрттың аузына бірден іліккен жас өнерпаз өз мамандығының қыр-сырын жете игеруге барын салды. Ол аталған театр сахнасында елеулі бейнелер жасап, жасындай жарқырады.

Бірақ өзінің туған өлкесіне деген махаббаты ат басын Ақ-мешітке бағызды. Сөйтіп, облыстық қазақ драма театрына актер болып алынды. Маусым сайын ірі рольдер ойнап, бір-біріне кереғар, психологиялық, қаһармандық бағытта жазылған кейіпкерлер бейнесін жасады. Бұл Хүсейін Жүсіпұлы өнерінің жан-жақты дамуына, шеберлігінің әр қырынан көрінуіне мүмкіндік туғызды. Атап айтқанда, Кенгірбай, Қобыланды, Еспембет, Есен сынды қаһармандар тағдыры сахнада өзгеше бір еңбектің жемісіндей бағаланды.

Уақыт өте келе, ол екінің бірінші жүрегі даулап бара бермейтін режиссура әлеміне бет бұруды жөн санайды. Көкірегі сергек, көңілі ояу, зерделі актер 1971-1972 жылдары Мәскеу қаласындағы Театр өнері институтының жоғары режиссерлік курсына білімін жетілдірді. Онда Товстаноғов, Ефремов, Любимов, Эфрос тәрізді алып режиссерлардың спектакльдерін өз көзімен көріп, үлкен тәжірибе мектебінен өтті.

Сол тәрізді еліміздегі Ә.Мәмбетов, Б.Омаров, Мен Дөн Ук, Р.Анриасян, М.Байсеркенұлындай аға бұрын режиссерлардың сахналық жұмыстарын қалт жібермейді. Режиссураның жалын тартқан өзмен қатарлас К.Жетпісбаев, Е.Обаев, В.Пұсырманов, Ж.Омаров, Т.Тұңғышбаевпен шығармашылық бәсекеге түсті.

Ол 1974-1988 жылдар аралығында облыстық драма театрда бас режиссер қызметін атқарды. Бұл тұста репертуарға күрделі шығармалар таңдау арқылы театр мәдениетін көтеріп, оның кәсіби дамуына назар аударды. Х.Әмір-Темірдің режиссурадағы алғашқы қадамы Тахауи Ахтановтың «Махаббат мұнынан» (дипломдық жұмысы) басталып, қазіргі күнге дейін жүзден астам спектакль қойған екен.

Ізденімпаз режиссер Мұхтар Әуезовтің, Ғабит Мүсіреповтің, Тахауи Ахтановтың, Сәкен Жүнісовтің, Қалтай Мұхамеджановтың, Құдаш Мұхамеджановтың, Қапан Сатыбалдиннің, Амантай Сатаевтың, Шахмет Хұсайыновтың, Әнуар Әлімжановтың, Дулат Исабековтың, Тынмыбай Нұрмағамбетовтың, Нұрлан Оразалиннің пьесаларын сахнада, ұлттық драматургияны насихаттауға зор үлес қосты. Сонымен қатар Асқар Тоқмағамбетовтен бастап, Оразбек Бодықов, Зейнолла Шүкіров, Саид Байғатов, Қомшабай Шүйеңішевтің жергілікті авторлардың еңбегіне ден қойып, Сыр топырағында драматургия жанрының өркендеуіне де мүмкіндік жасады. Аталған жазушылардың шығармалары көркемдік-идеялық мазмұны жағынан әртүрлі болды. Олардың ішінде, бүгінгі өмір болмысының өзекті мәселелерін көтеретін, халқымыздың басынан өткен тарихи кезеңдерін суреттейтін пьесалар да бар. Бұл шығармаларды қою арқылы режиссер драматургия табиғатын терең таныттығын көрсетті.

Теоатр ұжымы аталған спектакльмен КСРО-дағы ГДР драматургиясының фестиваліне қатысқан, үлкен табысқа жетіп лауреат деп танылды. Бұл атаққа режиссер Хүсейін Әмір-Темір, суретші Серік Пірмаханов та ие болды. Мәскеуден келген сыншылар облыстық қазақ театрының классикалық шығарманы қандай да етіп талпынысына, суретші мен режиссердің көркемдік шешімдеріне оң баға берді.

Х.Әмір-Темір қойған М.Әуезовтің «Түнгі сарын» (1978), Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері-Ақтоқты» (1979), Т.Ахтановтың «Ант» (1975, 1982), «Әке мен бала» (1976), «Күшік күйеу» (1977), К.Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астында» (1975), «Өзіме де сол керек» (1979), «Жат елде» (1983), Д.Исабековтің «Өпке» (1978), «Ертеңгі күт» (1981), «Мұрагерлер» (1983), «Жоғалған ескерткіш» (1991), т.б. пьесалар – режиссердің ізденісін танытқан сәтті дүниелер. Бұлардың сахналық шешімдері бір-бірін қайталамай, дара болмысымен айқындалды. Ол әр драматург туындысының өзінше тән көркемдік ерекшелігін ашумен бірге спектакльдің сыртқы түріне, бейнелеу тәсілдерінің өткірлігіне көңіл бөлген.

Режиссердің азаматтық болмысын ашып, айбатын асыратын бір қасиеті – ұлттық классикаға деген асқан құрметі. Өз ұлтының салт-санасын, мінез-құлқын нәзік те терең түсінетін, театр төрінде шынайы тебірене білген режиссер сахналық кейіпкерлерінің өзіндік психологиясына үніліп, қайталанбас бейнелер тудыра алды. Ол қазақ театр режиссурасында өз қолтаңбасымен өрнек салып, талай буын актерлардың бағын ашты. Дарынды тану, оның рухани әлемін баршаға түйсіндіру кез келгеннің қолынан келе бермейді. Мұндай іске орындаушының даралығын тамыршайдай

тап басып, тебірене қабылдайтын қабілет-қарымы күшті, өнер сикырын қалтқысыз түсінетін режиссер керек. Хүсейін Жүсіпұлы осы биіктен көріне білді. Ол Қызылорда, Талдықорған, Алматы, Шымкент, Орал театрларында қызмет еткен жылдары да талай өнер сандақтарының республикаға танылуына негіз қалап, көптеген драматургтермен, суретші, композиторлармен де ортақ тіл табысып отырды.

Х.Әмір-Темір репертуар таңдауға барынша жауапкершілікпен қарады. Ол жеке тұлғалар мен кезеңдердің тұсындағы қоғамдық-әлеуметтік жайттарды, уақыт тынысын, замана талабын, өнердің көркемдік-эстетикалық қуатын жіті аңғарып зерделеуге бейім. Үнемі ізденіс үстінде жүретін режиссер ешкім көңіл аударма бермейтін, бірақ айтар ойы мықты, көркемдік қуаты күшті шығармаларды іздейді. Оның сондай жұмыстарының бірі кезінде театрдың үлкен шығармашылық жемісі саналған «Аласапыран» спектаклі болды. Ж.Аймауытов пен Б.Майлиннің шығармалары негізінде құрастырылған бұл спектакльде қазақ халқының басынан өткен алмағайып кезеңнің ащы шындығы бұқпесіз көрсетілді. Қойлымда колхоздастырудың қасіреті, шолак белсенділердің елді тығырыққа тіреген әпербақан әрекеттері өткір әжуамен бейнеленген. «Аласапыран» спектаклі 2004 жылы Қостанай қаласында өткен Қапан Бадырұлының 100 жылдығына арналған XI республикалық театрлар фестивалінде II орынды иеленсе, 2005 жылы Қазан қаласының 1000 жылдық мерейтойына арналған түркі халықтары театрларының халықаралық «Наурыз» фестивалінде Талтанбаевтың бейнесін сомдаған артист Р.Ахметов «Ең үздік өнер адам бейнесін жасағаны үшін» номинациясын жеңіп алып, фестиваль лауреаты атанды.

Бүгінгі таңда Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрының көркемдік жетекшісі қызметін атқарып жүрген Х.Әмір-Темір ұжымның жұмысын шет елдерде көрсетуге барына аталысып келе жатыр. Айналық, 2012 жылы Түркияның Конья қаласында өткен «Мың тыныс, бір үн» фестиваліне түрік драматургі Турғай Нардың «Төбөкөз» спектаклімен, 2013 жылы екінші рет Қазан қаласында өткен фестивалге қатысты. Бұдан соң, Астана қаласының әкімдігі мен Уэльс Британияның Лордтар Палатасының өкілі Алисон Сатидиң қолдауымен 2014 жылдың 26-28 қыркүйек аралығында Еуропалық Одақтың рөніне бекітумен Тілдер кесімі арналған мәдени іс-шараға қатысулары да оң нәтиже берді. Мұнда Ұлыбритания, Ресей Федерациясы және Қазақстанның шығармашылық ұжымдарының қатысуымен Д.Исабековтің «Өпке жолаушы» атты пьесасы үш тілде көрсетілді.

Іс-шараның үшінші күні облыстық Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрының «Ескі үйдегі екі кездесу» спектаклі көрсетілді. Расын айту керек, өзге мемлекеттен берген басқа ұлттың өкілдері Д.Исабеков пьесасының туған елі сахнасында қалай қойылатынын ынтыға тосқандары рас. Себебі, қай ұлттың шығармасы болмасын, тек өзінің төл топырағында ғана барлық қыры жарқырай ашылары ақиқат.

Халықаралық деңгейде өткізілген бұл шараға қатысу мәртебесіне ие болған Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрының ұжымы өздеріне жүктелген сенімді артығымен ақтап, көрермендерді айрықша сезімге бөлеген спектакль ұсынды. Режиссер аталған қойлымда адамгершілік пен ізеттілік, жан дүниелерін қалтқысыз ұғасқан жандардың рухани бірлігі мен ата-бабаларымыздан келе жатқан ұлттық дәстүрлеріміздің озық үлгілерін көрсетуді басты мақсат етті. Бұл спектакль 2015 жылдың 23-26 сәуірінде Лондон қаласында «Қазақ мәдениетінің күндері» деген атпен өткен фестиваль Шекспирдің отанында,

400 орындықты Британ корольдік музыкалық театры («The Royal College of Music») ғимаратында көрсетуінің өзі бүкіл қазақстандық театрлардың табысы болып бағаланды.

2017 жылдың сәуір айында Әзербайжанның Баку және Шеки қаласына гастрольдік сапармен барып, сол елдің белгілі жазушы-драматургі, қоғам қайраткері Мирза Фатали Ахунзадедің «Кетпейсің! Болды, кетпейсің!» комедиясын көрсетті.

Ал 2018 жылы Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» трагедиясының желісін бойлайтын «Ақ Баян» спектаклі Эдинбург (Шотландия) қаласында өткен «Фриндж» театр фестиваліне қатысып, шетелдік көрермендердің назарын аударды.

Белгілі сахна санлағы, талғампаз режиссер Хүсейін Жүсіпұлының шабытты режиссурасынан түзілген көптеген спектакльдер өзінің кәсіби сапасымен, шығармашылық талапқа сай идеялық құндылығымен қазақ театр өнерінің тарихын байытып отыр. Осы соңғы бес жылдың ішінде С.Жүсіптің «Адам болып өтейін», Р.Отарбаевтың «Нарком Жүргенов», Д.Исабековтің «Жүзжылдық махаббат» (2016), Шекспирдің «Макбет», Б.Әлімжановтың «Ойнайықшы бір, ойнайықшы бір...» (2017), Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» («Ақ Баян», 2018), А.Чеховтің «Ваня ағай» («Күзгі раушан гүлдері») (2019), Д.Рамазанның «Абылай ханның арманы», Х.Жүсіпұлының «Ешкімге керекі жоқ ауыл» (2020), С.Досановтың «Адамзаттың анасы» (2021) шығармалары бойынша қойған спектакльдері режиссердің тынымсыз жұмыс үстінде екендігін айқайтай түседі.

Уақ жылдар бойы буырқанған шығармашылық өмірінен өзінің көрген-түйгендерін қағаз бетіне ерінбей түсіріп жүрген Х.Әмір-Темірдің жазушылық қыры «Бір сахна – егіз жұмыр», «Өнер-Баян» кітаптарынан анық байқалады. Ол өзінің «Бір сахна – егіз жұмыр» кітабында өмірлік жары Әлия Арысбайқызының театр сахнасында сан алуан қыз-келіншектердің, аналардың тағдырын нәзік келтіре сомдаудағы шеберлік сыры туралы қалам тербеген өнер қайраткерлерінің макалаларын топтастырған. Өмір мен өнерде қатар жүріп, білік асулардан қол ұстасып бірге өткен аулы жары туралы автордың өзі де тебірене жазған.

Ал «Өнер-Баян» кітабында өнер әлеміне құлаш ұрған сонау жастық шағынан бастап, театр сахнасында өзі қойған пьесалардың көркемдік ерекшеліктерін, актерлармен жүргізген репетицияларын, суретшімен, сазгермен, хореографпен бірлесіп жасаған жұмыстарын қызығалықты баяндаған. Оқырман қауым автор қаламының жүріктігіне, терең зердесіне, ой-пайымының кеңдігіне тәнті болады. Бұл қос кітап Х.Әмір-Темірдің шығармашылық және адами болмысын әр қырынан ашып, театр әлемінің құпия сырларын жан-жақты мәліметтер беруімен құнды.

Иә, ол – өз ісіне шын берілген, манайындағы адамдарға жақсылығын аямайтын адамгершілік тұғыры жоғары азамат. Іскерлігі, сыйпаылығы, биік зерделі қабілеті замандастары үшін ғана емес, кейінгі буын жастарына да үлгі-өнеге. Қазақ режиссурасының ақберені, ескінің көзі, Алыптардың жалғасы Хүсейін Жүсіпұлы қазақ өнерінің дамуына тынымсыз үлесін қосып келеді.

Режиссердің 80 жылдық мерейтойы – барша өнер иелерінің ғана емес, бүкіл елдің тойы. Осынау айтулы күні еліміздің ұлтжанды, үлкен жүректі зиялы перзентіне зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасына амандық тілейміз!

Бақыт НҮРПЕЙІС,
өнертану докторы,
Т.Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры

ЭВЕРЕСТ ФИНАНС МҚҰ

МИКРОКРЕДИТТЕР

- ✓ зейнеткерлерге (78 жасқа дейін) және жұмыс істейтіндерге
- ✓ кепілсіз
- ✓ алты жылға дейін

ОҢАЙ, ЫҢҒАЙЛЫ ЖӘНЕ ЖЫЛДАМ

ЭВЕРЕСТ Финанс

Кепілсіз

% МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР

1 000 000 ТТ ДЕНІМ

Қызылорда қ., "Принт" баспахана ғимараты, Байтұрсынов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе (№3 гимназияға қарама-қарсы) тел. 8(7242) 92 52 25, 8708 363 59 45

03.03.2021 жылғы №09.21.0005.М лицензиясы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен берілген

Республикада алғаш рет Қызылорда облысының білім саласында құрылған «Серіктес директорлар» лигасы бойынша бір жыл ішінде түрлі бағытта жобалар жасалған. Бүгінде мектептерге 20-дан аса тақырыпты қамтитын жаңа бастамалар енгізіліп отыр. Бұл тәжірибе әрі қарай жалғасын тауып, облыстағы барлық мектептерге таратылатын болады. Осылайша жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудің заман талабымен ұштасатын жаңаша үлгісі іске асырылады.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Бүгінгі бағыт: БӘСЕКЕЛЕСТІК. СЕНІМ. САПА

«Серіктес директорлар лигасы» 2020 жылдың қараша айында құрылды. Лиганың мақсаты – жаңа заман талабына сай мектеп басшысы менеджерлік дамуға қарай бет түзеп, ұжымдық ұйымшылдықпен басқара отырып, педагогтар арқылы әрбір шәкіртті биік белестерді бағыттаптын интелектуалды басқару жүйесін алыстайтын уақыт жеткенін көрсетіп отыр. Атапты, білім ошағында «Digital school studio» студиясы мен IT журналистика үйірмесі жұмысын бастаған. Ал №101 мектеп экологиялық жобаларға негізделген «Жасыл мектеп» статусын ала, №261 мектеп «Өзін-өзі басқару» жүйесін дамытатын тірек мектеп қатарына енді. Сондай-ақ, №176 мектеп «Оқуға құштар», №140 мектеп «Ғылыми жобаларға бағытталған» мектеп ретінде өз бағыттарына сай жұмыстарын бастап кетті.

Шарада мектеп басшылары жан-жақты қызықты тақырыптар аясында ой бөлісті. Мәселен, №176 мектеп директоры Қадірқұл Шаймағамбетов «Директордың 10 қателігі» тақырыбын арқау етіп, директорларға төте сауал қойып, қызу пікірталас тудырды. Бұл тұрғыда директорлар өзіне сын көзбен қарап, кемшілігі мен жетістігін саралай білуге қалыптасды. Ал, №3 ІТ лицей директоры Лоззат Әбенова «Директордың өзіндік дамуындағы жылдық жоспар модулі» тақырыбын тереңірек ашып, тарқата түсіндіріп берді. Сол сияқты, жеке және жылдық жоспар құруға байланысты ойларын бөлісті.

«Көшбасшыдағы эмоционалды интелект» тақырыбын қозғаған №43 мектеп директоры Бақытжан Иманбердиеваның баяндамасы да шараның мазмұнын байыта түскендей. Онда арнайы әзірленген бейнесюжет арқылы директорлар арасында тосын сұрақтар қойылып, кез келген уақытта тығырықтан шығу жолдары айтылды. Ал облыстағы ең жас мектеп басшысы, №164 мектеп директоры Жанболат Ахметжан «Педагогпен диалог» тақырыбында тартысты пікірталас ұйымдастырды. Ал, келесі оқу жылында қаладағы №278 мектеп «Кәсіпкерлік мектебі» атанып, оқушылар үшін бизнес тәсілдерін үйрететін болады. Бұл бастамаға да директорлар лигасы шынайы қолдау танытты.

– Қазіргі жаһандық көз ілесіс жылдамдықпен тарайтын ақпараттық қоғамда ашықтық қағидатымен жұмыс жүргізу аса қажет. Бұл ретте мектеп директорлары арасында «Серіктес директорлар» лигасы

сын құрдық. Осы орайда директорлар арасында бәсекені қалыптастырып, басшылардың коммуналдық және менеджменттік қасиеттерін дамытуға жаңа жобалармен жұмыс жүргізуіне мүмкіндік беруді мақсат еттік.

Шын мәнінде қазіргі заман талабы директорларға кабинеттік басқару жүйесін алыстайтын уақыт жеткенін көрсетіп отыр. Атапты, білім ошағында «Digital school studio» студиясы мен IT журналистика үйірмесі жұмысын бастаған. Ал №101 мектеп экологиялық жобаларға негізделген «Жасыл мектеп» статусын ала, №261 мектеп «Өзін-өзі басқару» жүйесін дамытатын тірек мектеп қатарына енді. Сондай-ақ, №176 мектеп «Оқуға құштар», №140 мектеп «Ғылыми жобаларға бағытталған» мектеп ретінде өз бағыттарына сай жұмыстарын бастап кетті.

Шарада мектеп басшылары жан-жақты қызықты тақырыптар аясында ой бөлісті. Мәселен, №176 мектеп директоры Қадірқұл Шаймағамбетовтың пікірін білген едік:

– «Жаңа әлемдегі Жаңа Мен» тақырыбында саммит форматында өткізілген шарада қатысушылар назарына «Мектеп директорының 10 қателігі. Басы әдеби», «Жас мектеп басшыларына кеңес» ұсындым. Өйткені жаңа заман талабына сай бүгінгі мектеп тек оқу-тәрбие ошағы ғана емес, адам қалыптастыратын шеберхана деуге болады.

Жай ғана басып болу да азық етеді. Көшбасшы болу үшін әрекет керек, әрекет өзгеріссіз болмай тұрып, өзгерісті басып өзінен бастауы керектігіне тоқталдым. Басы әдеби... Басы болу дегеннің басты қиындығы сол – әрдайым ел алдында. Жұрт үнемі бақылап, сөз етеді. Сондықтан ел алдында үлгі көрсету аса маңызды, – дейді ол.

Айта кетейік, жыл ішінде «Серіктес директорлар» лигасы TEDx алаңында кездесіп, жаңа кейстер бойынша білім жетілдірді. Директорлар «Стратегиялық брәнд менеджмент», «Мектептегі венчурлі дамыту», «Мүлкіміз арасындағы матрицалар мен анықтауыштар», «Мектептегі HR менеджмент» тәжірибелерін енгізудің жаңа әдістерін үйірденді. Сонымен қатар, «Алтын белгі» үміткерлеріне арналған форум, оқушылар арасындағы дебат, «ПедЕХРО-2021», таза табиғат аясындағы «Мектептегі бейнмаркинг» шараларын өткізді. Осы бағыттағы үздік 30 кітапқа бейнеролик түсірді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Шеші келті, Көкшоқы мөлтек ауданының тұтынушылар назарына!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2021 жылғы 23 маусымдағы №51-НҚ бұйрығымен бекітілген «Қазушар» РМК-ның «Арал» СЖКБД филиалының сарқынды суды бұру қызметіне тарифі және тарифтік сметасы және салқын суды есептеу құралдары жөк тұтынушылар үшін төлем ақы мөлшері 2021 жылдың I шілдесінен бастап қолданысқа енгізілетіндігін хабарлайды. Сарқынды суды бұру қызметінің орташа босату тарифі 1 текше метрге – 153,05 теңге ҚҚС-сыз, 171,42 теңге ҚҚС-мен, оның ішінде: – халыққа 1 текше метрге – 45,09 теңге ҚҚС-сыз, 50,50 теңге ҚҚС-мен; – бюджеттік мекемелерге 1 текше метрге – 159,02 теңге ҚҚС-сыз, 178,10 теңге ҚҚС-мен; – басқа да тұтынушыларға 1 текше метрге – 197,93 теңге ҚҚС-сыз, 221,68 теңге ҚҚС-мен; – «ҚазАтомПром» АҚ мекемелерге 1 текше метрге – 637,58 теңге ҚҚС-сыз, 714,09 теңге ҚҚС-мен.

«Қазушар» РМК «Арал» салынын жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалы

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Бердәлиева Мира Қыстаубаевна (лицензия №0000316, 27.11.1998 ж.) 2021 жылдың 06 маусымында қайтыс болған азамат Баймаханов Нұрлан Елеусизовтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жай хабарлауы сұраймыз: Қызылорда қаласы, Ғ.Мұратбаев көшесі 2 В (ЦОН аялдамасы), тел.: 8 702 777 27 22.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы және Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбековаға туыс сілдісі

Қуантқан Ұлжан Нұрқасымқызының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ТІЛЕКТЕСТІК

Еселі еңбек жемісі

Қаламгерлердің кәсіби мерекесі қарсаңында ел тіршілігін салмақты ой, салиқалы пікір арқылы толғап жүрген әріптестер марапат төрінен табылып, мерейімізді тағы бір үстем етті.

Қарашаның қамын шығармашылығына арқау еткен перзенттерін ел көкке көтеруден жалыққан емес. Жакында белгілі журналист, күйші-сазгер Жұмабай Жақыптың өңірдің баспасөз саласы, мәдениеті мен өнері, руханиятына сіңірген елеулі еңбегі үшін «Арал ауданының Құрметті азаматы» атағын иеленуі соның дәлелі. Еңбек жолын Қазалы аудандық «Ленин туы» газетінен бастап, «Сыр бойы» газетінің Арал, Қазалы ау-


дандары бойынша аймақтық тілшісі, Арал аудандық «Толқын» газетінде редактор-директор қызметтерін атқарған ол қазір Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының аудандық филиалына төрағалық етеді. Ұлттық құндылықтарды дәріптеп, тіл мәселесін тереңінен қаузап, мазмұнды һәм құнды дүниелер ұсынуын жалғастыруда.

Сондай-ақ, «Ақпарат саласының үздігі», «Қазақстан» РТРК» АҚ «Күміс жарымы» төсбелгісінің иегері, сарапшы журналист Айтқұл Шалғынбаева «Қазақстанның Құрметті журналисі» атанды. Аймақтың төл арнасының ақпарат айдынына шығуына үлес қосқан



журналист көзіқарақты көрерменге құнды дүниелер әзірледі. Авторлық ақпараттық-сараптамалық, танымдық хабарларда өзіндік қолтаңба қалдырғанына көрермен куә.

Елдік деңгейде түрлі проблемаларды көтеріп, оның түйінін тарқатуға журналист



ықпал еткен «Жас Алаш» газетінің аймақтағы тілшісі Миуагул Байназарова да «Қазақстанның құрметті журналисі» атағына ие болды.

Бұл – қазақ журналистикасының дамуына айрықша үлес қосып келе жатқан аға буынның еселі еңбегінің, үздіксіз ізденісінің жемісі. Олардың



жүріп өткен жолы – өнеге. Мұндай жетістіктер жас журналистерге рухани жігер беріп, алға жетелей түседі. Қаламдарыңызға қарымды куәт сыйлар шабыт шалқи түссін, мерейлеріңіз арта берсін демекпіз, құрметті әріптестер!

Екі қылмыскерді өзара сөз байласуға үлгермей екі камераға бөліп қамап тастаған. Оқиғадан хабарлар болған қаладық, облыстық жедел үкілдер Терезөзекке ағылып келіп жатты. Олардың барлығы да бұрын жоғалған таксистерді өлтірген осылар болуы мүмкін деген Әмірдің болжамын қолдап, қуаттайды. Көпшілігінің жоғалған таксистерді іздеуге қатысы бар. Солар туралы бір дерек айтып қала ма деп, қилы-қилы сұрақ қояды. Қылмыскердің бірі Мырзабек Бешбаев бүгінгі оқиға туралы Кәттебай айтқанды қайталай берді. Сөзіне сенсең, шабуылды бастаған бұлар емес, келіскен ақысын екі есеге өсіріп жіберіп, шатақ шығарған анау. Кәттебайдың санына пышақ салған да сол. Өздерінде жазық жоқ, такси жалдап, Терезөзекке келе жатқанын басқа.

– Терезөзекке не жұмыспен келе жатыр едіңдер? – деп сұрады Серік.

– Осында Сара деген апамыз тұратын еді...
– Шалынның аты Сейді ме?
– Иә, Сейді.

– Бірақ олар әлдеқашан бақылық болған адамдар ғой.
– Балаларына келіп едік.
– Мен оларды жақсы танимын, – деп Серік жылы-жылы сөйледі. – Сара сенің апаң болса, Сейді менің ағайыным.

Төмен қарап түнеріп отырған айыпкердің көзінен үміт ұшқыны білінді. Алайда саусағының дірілі қорқынышын әйгілеп қойып жатыр.

– Байқаймын, ақсаққа ерем деп арандап қалып отырсың ғой, – деді Серік қамқорсып. Анау басын еріксіз шұлғыды.

– Кеше жігіттермен біраз сілтеп қойыппыз, – деді енді Серік әңгіме ауанын басқаға бұрып жіберіп. Қылмыскердің талайын көрген тәжірибелі жедел уәкіл ғой, мынаның арақжұмар екенін аңғарды ма, жорта солай деді. Орыннан тұрып барып дәлізде жүрген біреуге әлдене деп еді, ол көпке ұзатпай бір бөтелке әкеп беріп кетті. Серік су ішетін айғыр стақанын түбіне сыздықтатып құйып қойды.

– Сонымен, таксисті неге пышақтадыңдар?



деректі әңгіме

Қылмыскер жігіт бір сәт стақанын көзін айыра алмай қалғанын байқаған Серік:

– Өлтіріп, «семерканы» алып кетпек болдыңдар ғой? – деді де, жауап күтпестен, – Ал, тартып жібер, ер жігіттің басынан нелер өтпеген?! – деп қосты.

Шөлдеген қой сияқты старқанға жедел ұмтылған анау ар жағына құйып жіберген арақтан ләззат алғандай, көзін жұмып, басын шайқады. Серік оның қимылын үнсіз бақты. Ол бөтелкеге бір, бұған бір қарайды. Қайда отырғанын содан кейін ғана аңдап, жүзі қабарып сала берген.

– Таксисті өлтіріп, «семерканы» алып кетпек болдыңдар ғой? – Иә, иә, – деді дауысы тұншығып шығып.

– Стақан түбіне арақ тамызып, өз қолымен ұсына берді де, қайта тартып алды.

– Мас боп қаласың. Сосын бөлеге мен қалам. Сен әуелі айт әңгіменді.

Мырзабек төмен қарап, сәл отырды да, ескі базардан таксиді қалай жалдап алғанын, оны орта жолда Қарөзекке баруға қалай қылғандығын, Кәттебайдың қалай пышақтағанын асығыс-үсігіс айтып шықты.

– Айттым ғой, анау ақсақ құртқан сені. Бәрін ұйымдасты-

рып жүрген сол болып тұр ғой. Солай ма?

– Мырзабек басын изеді.

– Бәрін ұйымдастырған Кәттебай ғой? – деп қайта сұрады Серік. – Анықтап айт!

– Ұйымдастырған Кәттебай, – деді зәресі ұшқан қылмыскер қолы қалтырап.

– Дұрыс, осылай еркек сияқты жауап беру керек.

– Ол екінші мәрте ішкен соң Серік бөтелкені стақанының ернеуіне жорта соғыстырып, шишаның сиқырлы үнін естіріп аздап құйып қойды.

– Енді мынаны айт. Вишневый цвет «Семерканы» қайтғандар?

Осыны айтқанда ол бүкіл денесімен селк ете қалды. Екі көзі алақандай болып бұған ба-жырыя қарап қалыпты.

– Мен ол жайында жақсы білем. Өтірік айтма деп ойлама! Бірақ бір нәрсені білмей тұрмын. Ол жігітті өлтіргесін машинасын сен алдың ба, әлде анау ақсақ алды ма?

– Бешбаев үндей қоймады.

– Ақшаны бөліп алысындар ғой.

– Жоқ, бөліскен жоқпыз, – деп қалды Бешбаев шықшып.

– Енді қайтқандар, әлде бәрін өзін алдың ба?

– Ол көлікті бұзып, бөлшектерін өз машинасына салды.

– Соның бәрін істеген сен деп отыр досым, – деді Серік. – Бешбаев өлтірді деген жерді ошпәткізет. Шынықты айт, анау неше таксисті өлтірді? Бүгінгіні қоспағанда...

– Мырзабек бір уақ төмен қарап үнсіз қалды.

– Сафари «Жигули» ше, сол жігітті Титов жақтағы мусорға көміп кетіпсіндер ғой.

– Ол саусағын қайта-қайта бүгін аз-кем отырды да, «қыста екеу, жазда екеу» деді дем жетпегендей алқынып.

– Таксисті өлтіріп, машинасын өз пайдаларына жаратулы көздеңдер, – деді Қызылорда облыстық ішкі істер департаментінің аса маңызды істер жөніндегі аға тергеушісі, полиция подполковнигі Әділхан Сабыров Кәттебайға тік қарап. Әділхан оқиға туралы хабарды естіген бойда Терезөзекке жеткен-тұғын. – Досын былай қылғандырып тұрыпты, сен пышақпен үш рет ұрыпсың. Мойындайсың ба, осыны?

– Анау досың бәрін айттып берді. Бұл тақтама, көне шындықты айт! – деді аудандық бөлім бастығының тергеу жөніндегі орынбасары, майор Айдар Мәншірәпов.

Ожабаев бірауық үнсіз қалды да:

– Мойындаймын, – деді торығып. Дауысы қысылып шықса да Бешбаев сияқты емес, бұл тақтамай мығым отыр. Оқиғаны бастан-аяқ баяндап берді.

– Келісім болды ғой араларында, таксисті өлтіргесін деген? Қылмыскер басын шұлғыды.

– Алдын ала жоспар жасап, қалай өлтіретіндеріңді келісіп алдыңдар ғой.

– Солай болды.

– Бұдан басқа, қыста екеу, жазда екеу, бұдан басқа төрт таксисті өлтіріпсіндер. Бүгінгіні қоспағанда.

– Мен оларды білмеймін. Ол... маскүнем, алқаш. Не айттып, не қойғанын білмейді.

– Ожабаев, – деген катал дауыс шықты сол кезде ескі жактан. Келіп тұрған подполковник Әмір Шаймағамбетов екен.

– Сен Ожабаев, мына фотоға қара! Сен оны танысың! Танымаймын деп айта алмайсың!

Қолындағы фотоны Ожабаевтың көз алдына тосты. Өзі оның өңіндегі өзгерісті бағып тұр. Оның жыпылықтаған көзінен шошыну аңғарылды.

– Он тоғыз жастағы бас-

ланы қалай көзін қиып өлтірдің, а? Оның сұр «Жигули» қайда? Қызыл «Жигули» ше? Оны да сен өлтірдің! Бұл тақтама! Айт! Өз еркіңмен айтқаның ескеріледі.

– Қызылды мойындаймын. Бірақ ана баланы... – деп басын шайқады.

Терезөзектегі ішкі істер бөлімінде қарбалас жұмыс тан атқанша бір толастамады. Ертеніне бөлім бастығы Әмір Шаймағамбетов ұсталған қос айыпкерден жауап алынып, хаттама толтырылғанын, бұдан басқа төрт қылмысты мойындағанын мәлімдеп облыстық ішкі істер департаментіне баянхат жолдады.

Облыстық ішкі істер басқармасы, тергеу бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Талғат Бұрханов таңмен таласа Қызылордадан шықты. Оған Сырдария аудандық ішкі істер бөлімінің тергеу жөніндегі орынбасары, полиция майоры Айдар Мәншірәпов пен тергеушісі Сағымбек Маликов Терезөзектен қосылды.

Олар Жосалыға сәске болмай жетіп, қылмыскер Кәттебай Ожабаевтың үйіне тұмсық тіреді. Бұрын үйіне үнемі олжалы оралатын Кәттебай бұл жолы олай емес, дарбазадан қарулы күзетпен, қолы кісендеулі күйі аттады.

– Көрсет, машиналарды қай жерде бұздың?

Балдағын сықырлатып, қаражаға қарай жылжыды. Қақпасын ашып қалғанда іште «Жигулидің» заттары толып тұрғанына сол жерге келгендердің бәрі куә болысты. Тіпті, таксидің сары айдар белгісіне дейін жүр. Иінді біліктің бесеуі шықты. Мотордың басқа да заттары табылып жатыр. Терезе әйнектері, генератор, стартер, панель, руль донғалағы, бұрылыс қосқыштары, пеш вентиляторы, айна, беріліс қорабы, бас қойғыштар, бензин бағы және басқа да ұсақ-түйектер.

Өз міншігіндегі N645 AZM «VA3-2103» маркалы көлігі де осында тұр. Барлық айғақ зат бір «КамАЗ»-ға лық толды.

Осы тексеріс барысында ғараждан 2001 жылғы шілденің 31-де жоғалған Жақсымұрат Ескермесов (1963 жылы туған) пен 2003 жылғы шілденің 5-де жоғалған Талғат Нұрымбетов (1977 жылы туған) көліктерінің бөлшектері табылды. Сол себепті осы екі қылмысты сөзсіз мойындамасқа амалы қалмады. Ал ол машиналардың қаңқашанағы қайда деген сауалға, Бешбаев екеуі автогенмен кесіп-кесіп, біреуін қыстақтың шығыс жақ шетіндегі «Қарөзек» өзені жағалауына, екіншісін қыстаққа кіреберістегі темір жол көпірінің сол жақ жағалауына өз машинасымен апарып тастағанын айтуға мәжбүр болды. Оны Жосалының полиция қызметкерлері тауып, жинап әкелді.

Іс сол күннен бастап облыс тергеушілеріне берілді. Бұл топты облыстық ішкі істер басқармасы тергеу бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Талғат Бұрханов басқарды. Құрамында тергеушілер Мүсілім Бердібеков, Әділхан Сабыровтар болды.

Бір топ полицияның үйін тінтіп, қорасын ақтарғанын аңдап, қолына бақылаған әйелі әуелі шошып қалса да, күндердің бір күнінде отағасының дәл осылай,

қарулы айдауылмен келетінін сезетін сияқты. Ләм-мим үн қатпады. Бойжетіп қалған қызы ғана еңіреп жылап жіберді. «Осының бәрін шынымен сен бе істеген, әке?» деп күйзеле көз жасын төкті. Кәттебай болса, барлық қасіретін соған артқандай, салмағын балдаққа салып, мықшынып тұр.

... Кәттебай ашық көк түсті «Жигулиді» зымартып айлап келе жатыр екен дейді. Су жана емес, алайда өзінің ескі «стройкасынан» әлдеқайда қуатты. Жүрісі ширақ, лыпып тұр. Лыпып тұрған көлікпен такси болған қандай жақсы?! Клиенттерді шабақ ілген шағаладай іліп әкете бересін. Міне, тағы бірі қол көтерді. Жап-жас жігіт. Жанымда үндемей біреу тұр. Жосалыға бара жатқан жолда машинама бұзылып қалды дейді. Соған жеткізіп салшы деп өтінді. Сұрағаныңды бер-мен дейді. Әрине, берді. Көлігі бұзылып жолда қалса, бермей көрсін. Қуанып кетті. Бір жағынан тақымдағы тәуір машинаны трассаға салып, бір байқап көрмек.

Жас жігіт алдына, үнсіз тұрғаны артақ отырып жатыр.

«Жолда бұзылып қалған сондай «Жигули» маған кездеспейді екен» деп ойлады. Айтпақшы, өзі Байқоңыра «Жигули» ұрлауға келген сияқты еді ғой... Енді таксиді болып кеткені қалай? Соған қайран. Ол ол ма, артақ жайғасқан жігітті айнадан қарап танып қап, тіпті таң-тамаша болсын. Өзінің Мырзабекі. Сол жағына қарай жапырылған танауын көргенде қалай танымайсың. Әйгілі танау ғой. Ал ол болса, тым-тырыс. Үндемейді.

«Сарытоғай» бекеті маңына келгенде жанында отырған жас жігіт: «Осы араға тоқтанышы, дәрет сындырып алайық» дегені. Е-е, мейлі... Тоқтады. Сол-ақ екен, арта отырған Мырзабек ұмтылып кеп мойнына сым салып жіберіп, күштеп тартып қалсын. Қылғанын, екі көзі бадырайып шарасынан шығып кете жаздап... өмірінде бұлай қиналмаған шығар... тілі сақтап аузына сыймай тұншығып баралы. Алла-ай, бұ не пәле? Мырзабектің қолындағы қара сым тамағын жұтындырмай, қиып баралы ғой. Әлдім-ау... Бір кезде сым үзіліп кетті. Сол кезде жанындағы жас жігіт орындық астындағы тұтқаны тартып қалып, арқалықты шалқасынан құлатып жібергені. Қолы рульден ажырап кетті. Ағаш аяғының икемге келер түрі жоқ.

– Үніңді шығарма! Артақ кет! – деді жас жігіт жылап шықсырып. Бір қолымен кеудесін басып, жаншып баралы. Қолы қандай ауыр еді. Темір тәрзіді. Саусағын сындыра-мындыра алтын сақинасын шешіп алып жатыр. Арттан Мырзабек те буындырып, әкетіп баралы. Жылап шығып отырған артық орындыққа ысырылуға мәжбүр болды. Мырзабек пакеттен басқа сым алып, бұның бұлқығанына қарамай, қолын қайырып байлап тастады. Қолды сыммен байлаған қандай жаман, сәл қозғалсаң, білезіктен қиып түсетін сияқты.

Нұрлыбек САМАТУЛЫ,

жазушы,

Әмірбек

ШАЙМАҒАМБЕТОВ,

полиция полковнигі

(Басы өткен санда,

Жалғасы бар)

Eurasian Bank

КРЕДИТ РЕСІМДЕП

ЕЛОРДАДАН ПӘТЕР ҰТЫП АЛҢЫЗ!

ОФОРМИТЕ КРЕДИТ

ВЫИГРАЙТЕ КВАРТИРУ В СТОЛИЦЕ!

Beeline • +7 771 000 7722

Tele2 / Airtel • +7 700 000 7722

Kcell / Activ • +7 702 000 7722

eubank.kz

Акция көзені: 2021 жылғы 15 маусымнан бастап 15 қыркүйекке дейін

Период акции: с 15 июня по 15 сентября 2021 года

КР құрымына реттелу және даму агенттігі берген 2020 жылғы 3 ақпандығы № 1.2.66/242/40 лицензиясы

Лицензия № 1.2.66/242/40 от 3 февраля 2020 года, выданная Агентством РК по регулированию и развитию финансового рынка

www.facebook.com/syrboyi_kz/

Меншік иесі
СЫРМЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР

Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1033)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті

КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)

«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына

сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен

сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс

бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және

қайтарылмайды. Жариялығдар газеттің

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

«АҚ» - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,

«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы

«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне